Жетісу шұғыласы

№45 (8985),
жұма, 17 қараша
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ 12,6%-ДЫ ҚҰРАДЫ — ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ

Биылғы қаңтар-қазан айларының қорытындысы бойынша ел экономикасының өсу қарқыны 4,9%-ды құрады. Оның ішінде нақты сектор – 3,8%-ға, ал қызмет көрсету саласы – 5,4%-ға өсті. Бұл туралы Үкімет отырысында ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров мәлімдеді.

Ол салалар арасында құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс, сондай-ақ көлік ең жоғары өсуді көрсеткенін айтты.

«Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 12,6%-ды құрады. Инвестициялар ағыны көлік және қоймалауда – 58%-ға, денсаулық сақтауда – 40%-ға, саудада – 38%-ға, білім беруде – 18%-ға, ауыл шаруашылығында – 8,7%-ға, өнеркәсіпте – 8,3%-ға өсті. Өңірлер арасында ең жоғарғы өсім Маңғыстау, Абай, Түркістан және Павлодар облыстарында байқалды», — деді министр.

Алдын ала жасалған қорытынды бойынша 2023 жылғы қаңтар-қыркүйекте сыртқы сауда тауар айналымы 2,4%-ға өсіп, $102 млрд-ты құрады.

Экспорт $57 млрд-тан астам, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты $18 млрд-қа жетті. Ал, тауарлар импорты $44 млрд-тан астам. Жалпы, он сауда балансы $13 млрд-қа тең.

Өңдеу өнеркәсібінде оң өсу сақталып отыр, өндіріс көлемі 3,2%-ға өсті. Көрсеткіштің өсуі 12 өңірде тіркелді. Соның ішінде ең жоғарғы өсуді Қызылорда, Қостанай, Абай облыстары және Алматы қаласы көрсетті.

«Өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша машина жасау өндірісінің 27%-ға, оның ішінде автомобиль жасаудың – 42%-ға және электр жабдықтарын жасаудың – 31%-ға өсуі қамтамасыз етілді. Сондай-ақ өсу келесі салаларда байқалып отыр: азық-түлік өндірісі – 2,9%, металл бұйымдары – 3,4%, құрылыс материалдары – 1,8%, сусындар өндірісі – 1,7%, пластмасса бұйымдары – 5,5%, жеңіл өнеркәсібі – 12%», — деп атап өтті спикер.

Тау-кен өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 6,1%-ға жоғарылады. Бұл ретте газ өндіру – 9,7%-ға, мұнай өндіру – 9,3%-ға, өзге де пайдалы қазбаларды өндіру – 14%-ға өсті. Металл кендерін өндіру – 1,1%-ға, тау-кен өнеркәсібінде қызмет көрсету – 2,3%-ға, көмір өндіру – 5,5%-ға төмендеді.

Ұлттық экономика министрі тұрғын үй құрылысы мен алрды пайдалануға беру қарқынына да тоқталды. Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі 12,5%-ға артты. 18 өңірде оң өсім тіркелді, әсіресе құрылыс-монтаждау жұмыстарының ең көп өсуі Маңғыстау, Жетісу, Батыс Қазақстан және Абай облыстарында байқалды.

Биылғы қаңтар-қазанда 13,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 14%-ға жоғары. Ең жоғары көрсеткіш Ұлытау және Жетісу облыстарында, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларында тіркелді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімділігі 8,6%-ға төмендеді. Көрсеткіштің төмендеуі дәнді дақылдарды жинау көлемінің азаюынан орын алды. Барлық 7 экономикалық көрсеткіш бойынша оң өсім 5 өңірде – Абай, Батыс Қазақстан, Жетісу және Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Алматы қаласында байқалды.

Өз кезегінде Ұлттық банк төрағасының орынбасары Данияр Вагапов өңдеу өнеркәсібінде белсенділік азайып, қызмет көрсету саласында өсім баяулағандықтан, жаһандық экономикалық белсенділік бәсеңдей бастағанын айтты.

«Елімізде іскерлік белсенділік индексі қазанда 49-дан 49,6-ға дейін жақсарды. Өндірістегі жақсару көрсеткіші 51,6-ға дейін барды. Бизнес-климат индексі ұлғайды. Оған болашақ бизнес-жағдай бойынша кәсіпорындар тарапынан болған күтулердің жақсарғаны әсер етті. Барлық секторда индекс оң қалпында қалды», — деді спикер.

Оның айтуынша, жылдық инфляцияның баялауына қарамастан, айлық және базалық инфляция таргеттен жоғары қалпында қалған. Сондай-ақ жылдық инфляция 10,8%-ға дейін баяулады. Дегенмен, бағаның өсуі екі таңбалы мәнде қалып отыр. Айлық инфляция өткен айдың деңгейінен және таргеттен жоғары қалыптасып, 0,7%-ды құрады. Бұл инфляцияға қарсы саясатты одан әрі жалғастыруды талап етеді.

Азық-түлік инфляциясы жылдық мәнде 10,4%-ға дейін баяулады. Ал оның айлық мәні өткен айдағы 0,3%-дан 0,5%-ға дейін қарқын алды. Азық-түлік тауарлары құрылымында қазан айында жұмыртқа, нан, жарма, қант және тәттілер, жаңа піскен жемістер мен ет бағасы өсті. Есесіне, ірімшіктің, жаңа піскен көкөністер мен күнбағыс майының бағасы арзандады.

«Қазан айында азық-түлікке жатпайтын инфляция жылдық мәнде 11,1%-ға дейін баяулады. Айлық мәнде өсім 0,8%-ды құрады. Қазан айында аудиовизуалды жабдықтар, отын, дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар, киім-кешек пен аяқ киім бағасы өсті. Ал тұрмыстық заттардың, жууға және тазалауға арналған құралдарының бағасы түсті», — деп мәлімдеді ол.

Келтірілген ақпаратқа сүйенсек, қазан айында ақылы қызметтер инфляциясы жылдық мәнде 11%-ды құрады. Ақылы қызметтердің айлық инфляциясы 0,8% болды. Ақылы қызметтер арасында тұрғын үйді жалға беру қызметінің, шаштараз бен жеке қызмет көрсететін мекемелердің, қоғамдық тамақтану, тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің бағасы өсті.

Жыл басынан бері теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 469,64 теңгеге дейін 1,5%-ға әлсіреді. Қазан айында 1,1% болды. Теңгенің әлсіреуі бірқатар сыртқы және ішкі факторға байланысты.

Біріншіден, бұл – доллардың жаһандық нығаюы. Оған АҚШ-тың Федералды резервтік жүйесінің қатаң ақша-несие саясаты әсер етіп отыр.

Екіншіден, импорттаушылар тарапынан маусымдық сұраныстың артуы. Оған жобаларды іске асыру және бюджет қаражатын игеру циклінің жандануы мен басқа да факторлар ықпал етуде.

«Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансфертті қамтамасыз ету аясында валюта сату теңгеге қолдау көрсетті. Жыл басынан бері 7,5 млрд АҚШ доллары сатылса, ол қазан айында $1,5 млрд-ты құрады. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына бейрезиденттердің капитал ағыны жыл басынан $267 млн-ды құрап отыр», — деп атап өтті банк төрағасының орынбасары.

Оның айтуынша, Ұлттық банк еркін бағам белгілеу режимін ұстана береді және валюталық интервенциялар жүргізбейді. Жалпы халықаралық резервтер қазан айының соңында $90,3 млрд-ты құрады.

Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері жыл басынан $34,0 млрд-қа дейін 3,1%-ға төмендеді. Бұл Ұлттық банктің валюталық шоттарындағы екінші деңгейлі банктер қаражатының азаюына байланысты. Оған Қаржы министрлігінің міндеттемелерін төлеу мақсатында алтын-валюта резервтерін конвертациялау да себеп болды.

«Ұлттық қордың активтері жыл басынан $56,3 млрд-қа дейін 1,1%-ға өсті. Оған инвестициялық табыстың артуы бірден-бір себеп болды. Ол жыл басынан 3,3% немесе $1,83 млрд. Жыл басынан қорға түскен түсімдердің барлығы 3,6 трлн теңгені құрады. Ұлттық қордан республикалық бюджетке бөлінген трансферттер 3,7 трлн болды», — деді ол.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері оң динамиканы көрсетуде. Олар жыл басынан 17,2 трлн теңгеге дейін 17,6%-ға өсті. Инвестициялық табыс көлемі 1,3 трлн теңгені құрады. Зейнетақы жарналары 1,7 трлн теңге, ал жарнаны мерзімінен бұрын алу сомасы 223 млрд теңге болды.

Сыртқы және ішкі нарықтарда экономикалық жағдай барынша тұрақты. Ұлттық банк баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге және экономиканың өсуіне қолайлы жағдай жасау үшін тиісті шаралар қабылдауды жалғастыра береді.

Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қаржының атқарылу көрсеткіштері туралы баяндады. Ол мемлекеттік бюджетке түскен кірістердің сомасы 15,5 трлн теңгені құрап, жоспар 98,3%-ға орындалғанын айтты.

«Республикалық бюджетке 10,5 трлн теңгеге жуық қаражат түсті. Жоспар 92,8%-ға орындалды. Салықтар бойынша жоспардың орындалмауы негізінен корпоративтік табыс салығы, импортқа салынатын қосылған құн салығы, шикі мұнайға экспорттық кеден бажы және пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық есебінен қалыптасты», — деді вице-министр.

Корпоративтік табыс салығы жөнінде жоспардың орындалмауы – 294 ірі салық төлеуші бойынша мәлімделген аванстық төлемдер сомасының 23%-ға азаюымен байланысты.

Импортқа салынатын қосылған құн салығы бойынша жоспардың орындалмау себептері:

•тауарлардың жекелеген топтары бойынша импорт көлемінің төмендеуі;

•Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен импорт көлемінің 8%-ға азаюы.

Шикі мұнайға экспорттық кеден бажы бойынша жоспардың негізгі орындалмауы экспорттық кеден бажының нақты қалыптасқан мөлшерлемесінің болжамды көрсеткіштен 9%-ға төмендеуімен байланысты болды.

«Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бойынша жоспардың орындалмауына негізгі экспорттық тауарлар бағасының орташа есеппен 12%-ға төмендеуі әсер етті. Салықтық емес түсімдер бойынша асыра орындау акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер есебінен қалыптасты. Жергілікті бюджеттердің кірістері 111,7%-ға атқарылды және 5,1 трлн теңгені құрады. Жоспар 534 млрд теңгеге асыра орындалып отыр. Алматы облысынан басқа барлық өңірлерде кірістер бойынша жоспарлар асыра орындалды», — деп мәлімдеді ол.

Вице-министр мемлекеттік бюджеттің шығыстары 98,2%-ға, республикалық бюджеттің шығыстары – 99,4%-ға, жергілікті бюджеттердің шығыстары 97,2%-ға орындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, Республикалық бюджет бойынша сомасы 18 трлн теңгеге шығыстар жүргізілді. Атқарылмау 107 млрд теңгені құраса, оның ішінде үнемдеу – 16 млрд теңге. Игерілмегені – 91 млрд теңге.

Игерілмеудің неғұрлым ірі сомалары ішкі істер, мәдениет және ақпарат; су ресурстары және ирригация; экология және табиғи ресурстар министрліктерінде қалыптасты.

«Игерілмеудің негізгі себептері: конкурстық рәсімдерді ұзақ мерзімде өткізу; өнім берушілердің тауарларды жеткізбеуі; бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) іске асыру жөнінде нормативтік құқықтық актілерді уақтылы қабылдамауы; шот-фактуралар, атқарылған жұмыс актілерінің уақтылы ұсынылмауы; төлем нақты көрсетілген қызмет көлемі бойынша жүргізілген; министрліктердің қайта ұйымдастырылуына байланысты», — деп толықтырды сөзін спикер.

Жергілікті бюджеттердің шығыстары 10 трлн теңгені құрады. Атқарылмағаны – 294 млрд теңге. Осы жылы өңірлерге 2 трлн теңгеге жуық нысаналы трансферттер көзделген. Оларға 1 қарашаға 1 трлн 261 млрд теңге бөлінген. Оның 94,4%-ы игерілген. Атқарылмағаны – 71 млрд теңге, оның ішінде 2 млрд теңге – үнемдеу. Ең көп игерілмеу: Астана және Алматы қалаларында, Маңғыстау және Ақмола облыстарында қалыптасты.

«Осы жылдың 10 айында камералдық бақылаумен 11 трлн теңгеге 370 мыңға жуық мемлекеттік сатып алу рәсімдері қамтылды. Тексеру қорытындылары бойынша 50 591 рәсім бойынша бұзушылықтар анықталды, оның ішінде мемлекеттік аудит нысандары кемшіліктерді жою туралы хабарламалардың 94%-ын орындады. 1 800-ден астам аудиторлық іс-шара өткізілді. Аудит арқылы шамамен 1,4 трлн теңге бюджет қаражаты қамтылды. Шамамен 230 млрд теңге сомасына қаржылық заң бұзушылықтар анықталды», — деп мәлімдеді Дәурен Темірбеков.

Оның айтуынша, тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету мен жұмыстарды орындау, бюджетке өтеу және есепке алу бойынша көрсету жолымен 170 млрд теңгеге бұзушылықтар жойылған.

Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарында 658 нысанды сату көзделген. Есепті кезеңде 307 млрд теңге сомасына 374 нысан сатылды және кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілді. 34 нысан сатуға қойылды. 64 – қайта ұйымдастыруға және таратуға жіберілді. 186 – сату алдындағы дайындықта тұр.

primeminister.kz

ҮКІМЕТТЕ ЖАҢА КӨКӨНІС ҚОЙМАЛАРЫ, МАУСЫМАРАЛЫҚ ҚОРЛАР ЖӘНЕ ӨСІРУ ҮШІН БАСЫМ ДАҚЫЛДАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әлеуметтік азық-түлік бағасының тұрақтандыру жағдайы өңірлік әкімдіктерінің жеке бақылауларына өтеді. Қараша айы жылдық азық-түлік инфляция деңгейін қалыптастыратын шешуші ай болмақ. Жиынды Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин осындай тапсырмадан бастады.

Сауда комитетінің мәліметінше, қарашаның бірінші аптасында ӘМАТ бағасының өсімі 0,1% құрады, негізгі драйвер – жұмыртқа бағасының маусымдық өсуі (1,7%). Сонымен қатар қарақұмық (-0,2%) және күнбағыс майы (-0,1%) бағасының ұзақ мерзімді төмендеу үрдісі жалғасып отыр. Көкөніс бағасының маусымдық төмендеуі: картоп (-1,7%), пияз (-1,2%), қырыққабат (-1,3%), сәбіз (-1%) тіркелді.

Жұмыртқа бағасының едәуір өсімі Алматыда байқалды – бір аптада 3,7%. Бұл жерде басқа өңірлердің арасында жалғыз ғана пастерленген сүттің бағасы өсті (1,2%). Маусымаралық бағаның көтерілу қаупін ескере отырып, Серік Жұманғарин әкімдіктерге өңірлердегі әлеуметтік азық-түлік бағасының жағдайын жеке бақылауды тапсырды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі ірі өндірушілер арасындағы баға өсімінің себептерін талдау және анықталған фактілер туралы келесі аптада хабарлауды тапсырды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінде өңірлерде көкөніс, қант, қарақұмықтың барлық қажетті қоры қалыптастырылған. Күріш бойынша қажетті қор қалыптастыру деңгейі төмен – келісімшарттың жалпы пайызы қажетті сұраныс көлемінің 86%-ды құрайды. Артта қалғандардың қатарында – Алматы (94%), БҚО (64%), Қарағанды облысы(28%), Маңғыстау облысы (61%), СҚО

«Форвардтық сатып алу шарттарын қайта қалыптастыру бойынша, сатып алу схемасына көшу үшін кемінде 70% – тікелей ауыл шаруашылығы өндірушілері мен қайта өңдеушілерден, тек 30% – сауда желілері мен көтерме саудагерлерден, бүгінгі таңда артта қалған 8 өңірдің 5-уі Алматы, Атырау, Шымкент қалаларын қоспағанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен тікелей келісімшартқа көшкен», — деп хабарлады Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков

Вице-премьер барлық өңірлерге құс фабрикаларын айналым қаражатымен қолдауға ерекше назар аудара отырып, осы жұмысты бір апта мерзімде аяқтау міндетін қойды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов 2023-2025 жылдарға арналған көкөніс сақтау қоймаларын салу бойынша кешенді жоспарды іске асыру жағдайы туралы баяндады. Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша қуаты 1 822 мың тонна көкөніс пен жеміс сақтайтын 901 нысан бар (499,7 мың тоннаға 257 картоп қоймасы, сыйымдылығы 1 186 мың тоннаға 580 көкөніс қоймасы, 136,9 мың тоннаға 64 жеміс-жеміс қоймасы).

Жоспарға сәйкес, биыл сыйымдылығы – 272 мың тонна, 2024 жылы – 206 мың тонна және 2025 жылы – 160 мың тонна сақтау орны пайдалануға берілуі тиіс.

«Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған қосымша орын салу жобаларының басты желісі суару, егіс алқаптары мен суармалы жерлерді ұлғайту жобаларымен қатар жүруі тиіс. Аталған міндетті жергілікті атқарушы органдар бақылауға алуы керек. Біз еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі саясатымен айқындалған дақылдарды өсіру үшін суару жобаларына қолжетімді қаржы бөлетін боламыз», — деп атап өтті Серік Жұманғарин.

«Алдағы жылдары өңірлерде күнбағысты қайта өңдеу бойынша жаңа қуаттар іске қосылатын болады. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған зауыттар 50%-дан кем жүктелген, ал шикізатсыз, күнбағыс өсіруді субсидиялаусыз жүктеу 20% деңгейінде болады. Қайта өңдеудің жаңа қуаттарын салудың мәні жоқ. Бас желі жалғыз болуы тиіс – тұқымды сатып алуды қанағаттандыратын деңгейге дейін жеткізу және күнбағыс майының тұрақты бағасын қамтамасыз ету. Мемлекеттік саясат – елімізде күнбағысты қайта өңдеуді дамыту, оны шикізат ретінде көрші елдер бізден алады. Сондықтан күнбағыс өсіру саласын қолдау қажет. Әкімдіктерге басым дақылдарды қолдауды анықтауда бизнес-тәсілді енгізу қажет», — деп мәлімдеді вице-премьер.

Сондай-ақ Серік Жұманғарин Азық-түлік корпорациясына жаңа тауар сипаты жоқ астықты өткізу бойынша шаруаларға көмек көрсету мүмкіндіктерін пысықтауды тапсырды.

primeminister.kz

2025 ЖЫЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ІРІ ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛМАҚ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте Сауд Арабиясы Корольдігімен бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Атап айтқанда, Жетісу облысында қуаттылығы 1 ГВт болатын ірі жел электр станциясын салу жобасы талқыланды. Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары жүріп жатыр, соңғы келісімге қол жеткізілгеннен кейін, 2025 жылы құрылысты бастау жоспарланған.

Премьер-Министр әкімшілік рәсімдерді жеделдетуді және орталық мемлекеттік органдар тарапынан барлық қажетті шешімдерді әзірлеуді тапсырды.

Сондай-ақ кеңесте ауыл шаруашылығы, фармацевтика, металлургия және т. б. салаларда жаңа жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Әлихан Смайылов Сауд Арабиясының инвесторларымен жұмысты барлық деңгейде жандандыру қажеттігін, атап айтқанда, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Қазақстанның Жиддадағы дипломатиялық өкілдігі, «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар белсенді позицияны ұстануы, сондай-ақ әлеуетті жобалар пулын мұқият зерделеу қажет екенін атап өтті.

Премьер-Министр Үкіметаралық комиссияның таяуда болатын отырысы қарсаңында екі ел кәсіпкерлерінің қатысуымен тақырыптық бизнес-форум ұйымдастыруды тапсырды.

primeminister.kz

ОХРАНА ПРАВ И ЗАЩИТА ДЕТЕЙ



Если Вы хотите усыновить ребенка, стать его опекуном, попечителем...

Вопрос устройства детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, в семьи граждан является одним из приоритетных направлений политики Республики Казахстан.

Если Вы решили взять ребенка в свою семью, Вам необходимо будет сделать несколько последовательных шагов. В их числе – выбор формы семейного устройства.

Многие считают, что принятие ребенка в семью нужно начинать именно с выбора формы его семейного устройства. Сделать этот выбор сразу достаточно трудно. По крайней мере, без знания того, какие формы семейного устройства возможны в нашей стране.

Наиболее распространенными являются четыре основных форм устройства детей.

Первая – усыновление, вторая – опека (попечительство), третья – патронат и четвертая- приемная семья.

Все они отличаются друг от друга и у каждой есть свои достоинства и ограничения, поэтому важно подобрать для конкретного случая, конкретного ребенка и конкретных приемных родителей подходящий вариант.

При усыновлении ребенок приобретает все права родного ребенка, в том числе наследственные. Усыновление происходит только в судебном порядке (усыновление – единственная форма семейного устройства, которая устанавливается в суде.

В случае передачи ребенка под опеку (попечительство), опекун становится законным представителем ребенка. При этом опекун (попечитель) получает ежемесячное пособие на содержание подопечного ребенка. Как правило, опекунами становятся родственники: бабушка, дедушка, братья, сестры, тетя, дядя.

Патронат- это разновидность опеки, при которой патронатный воспитатель, при заключении договора, получает помимо денежных средств на содержание ребенка, дополнительно заработную плату воспитателя.

Приемная семья - это семья, взявшая на воспитание не менее 4- детей. При заключении договора приемные родители так же получают заработную плату.

Чтобы зарегистрироваться кандидатом той или иной формы устройства детей, Вам необходимо пройти школу приемных родителей.

Школу приемных родителей проходят все граждане, желающие взять детей в семью,независимо от формы устройства, кроме близких родственников (бабушки, дедушки, родные братья, родные сестры).

Если Вас заинтересовала данная информация, то за более подробной информацией Вы можете обратиться в ГУ «Отдел образования по Ескельдинскому району» поселок Карабулак, улица Оразбекова,31, 3 кабинет, конт телефон: 8-728-36- 3 – 07-74

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының бесінші абзацына сәйкес

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты әзірленді.

Осы Стандарт қызметтерді алушылардың тұрғылықты жері бойынша үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанында үйде қызметтер көрсету ұйымдарда (бұдан әрі – үйде қызметтер көрсету ұйымдары) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің сапасын, көлемін және тәртібін белгілейді, мыналарға:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – балалар);

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);

3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – он сегіз жастан асқан адамдар);

4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – мүгедектігі бар адамдарға);

5) егде жасына байланысты өзіне қызметтер көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға (бұдан әрі – қарттар) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, тоқтату және тоқтата тұру шарттарын айқындайды.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемін ұсыну үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адам (отбасы) тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттарды беру жолымен жүгінеді:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді алушының жазбаша өтініші, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің (ата-анасының біреуі, қамқоршының немесе қорғаншының, асырап алушының, баланы қабылдайтын ата-ананың, патронат тәрбиешінің және «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес қамқор болуды, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың, он сегіз жастан асқан адамның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын оларды алмастырушы басқа да адамдардың) (бұдан әрі – заңды өкілі) өтініші немесе медициналық ұйымның қолдаухаты;

2) сәйкестендіру үшін қызметтерді алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат;

3) осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық картасы;

4) балалар үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының көшірмесі.

Уәкілетті орган өтінішті қабылдау кезінде ЖСН бойынша «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мынадай:

1) жеке басын куәландыратын құжат туралы;

2) тұрақты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;

3) мүгедектікті белгілеу туралы;

4) мүгедектігі бар адамға абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасында (бұдан әрі – ОЖБ) әзірленген іс-шаралар туралы;

Сұрақтарыңыз бойынша аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгіне аласыздар байланыс телефоны: 3-17-98

«Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі

СӘУЛЕТ САЛАСЫНДА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

«Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1.»Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру»

2. «Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну»

3.«Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу».

4.« Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»

I.»Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру» мемлекеттік қызмет:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама алу «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) порталға: жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама беру - 15 (он бес) минут;

2) Мемлекеттік корпорацияға:

-жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын нақтылау бойынша анықтама беру - 15 (он бес) минут;

- жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру туралы анықтама беру немесе жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне барып және мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, оны «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде міндетті тіркей отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жою туралы анықтама беру - 6 (алты) жұмыс күні.

II.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығымен бекітілген «Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту Қағидаларының» 22-тармағына сәйкес жаңа құрылыс объектілері үшін жобалау алдындағы рәсімдерден өту қажет:

1) құрылыс жобаларын әзірлеу үшін бастапқы материалдарды алу ;

2) эскизді (эскиздік жобаны) әзірлеу және келісу).

«Құрылыс және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі емес объектілерді жобалауға арналған:

- сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды беруге - 6 (алты) жұмыс күні;

- бастапқы материалдарды (сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды, егжей – тегжейлі жоспарлау жобасының көшірмесі, тік жоспарлау белгілері, жолдар мен көшелердің көлденең қималары, сыртқы инженерлік желілер трассаларының схемасы) алуға - 15 (он бес) жұмыс күні.

2)техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді жобалауға:

- сәулет-жоспарлау тапсырмасын және техникалық шарттарды -15 (он бес) жұмыс күні;

- бастапқы материалдарды (сәулет-жоспарлау тапсырмасын, техникалық шарттарды, егжей – тегжейлі жоспарлау жобасының көшірмесі, тік жоспарлау белгілері, жолдар мен көшелердің көлденең қималары, сыртқы инженерлік желілер трассаларының схемасы) алуға-17 (он жеті) жұмыс күні.

Қолданыстағы ғимараттардың үй – жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) үшін бастапқы материалдарды және рұқсат беру құжаттарын алу үшін өтінішті қарау мерзімі - өтініш берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні.

III. «Эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі» «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 10 (он) жұмыс күні.

IV. «Объектілерді кейіннен кәдеге жарату (ғимараттар мен құрылыстарды бұзу) жөніндегі жұмыстар кешенін жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар көрсетілетін қызметті «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы белгіленген нысандағы өтінішті береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі емес объектілер үшін порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні;

2) Техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерді порталға жүгінген кезде – 10 (он) жұмыс күні.

Қосымша ақпаратты «Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Мекенжайы: Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31. Байланыс телефоны: 8 (72836) 3-00-03

Ә.ЖҰМАБАЕВА,
«Ескелді ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің бас маманы

ОТБАСЫ, ӘЙЕЛДЕР ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША «АМАНАТ 111» БІРІҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ

ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Табиғат – тіршілік атаулының құтты қоныс-мекені, тіршіліктің түлеп өсуіне қажет, жер бетіне көрік берген сәні. Халқымызда табиғат деген сөз жер, туған жер, атамекен ұғымдарымен қатар тұрады. Әрбір азамат табиғат алдында өзін жауапты, барлық жануарды киелі санап, өзен, көл жағалауларын таза ұстап, бұлақ көрсе көзін ашып, жастайынан балаларының санасына сіңіріп, бойларын жақсылыққа үйреткен.

Халқымыз табиғатты анаға теңеген. Өйткені, табиғатта тіршілік өсіп өнеді. Өзіндегі барды адамға, жануарға, өсімдікке берген. Ата-бабаларымыз миллиондап мал өсірсе де жерінің шаңын шығармай, құнарын жоғалтпай, тұнығын лайламай, Ұлы даланы мекендеген жабайы аңқұстарға, жәндіктерге дейін қамқор бола білген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездері табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балталанды. Аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына экологиялық апат үлкен қауіп төндіріп отыр.

Экология – «мекен ететін табиғи орта туралы ғылым» деген мағынаны білдіреді. Шынындада экология өзіннің тұрған үйіннің, қоршаған ортаның тазалығынсақтау, яғни салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады. Сонымен бірге экология табиғатта болып жатқан барлық өзгерістердің себебін анықтау, баға беру және оның алдын алу мәселелерін қарастырады. Ең алғаш1866 жылы «экология» терминін неміс биологы Э.Геккель өзінің еңбегінде қолданған және «Экология – тірі ағзалардың бірімен қарым–қатынасын қоршаған ортамен байланыстырып зерттейтін ғылым» деген анықтама берген.

Ауылдық жерлерде экологиялық, санитарлық, эпидемиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан жұқпалы аурулар көбейіп отыр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әліде тартуда: рак, өкпе, қан аздығы, қант диабеті, қан қысымының жоғарлауы, жүрек, психикалық аурумен ауыратындар көп. Радиациялық заттар қоршаған ортаға ядролық отындар өндіріс, құралдарын жасап, сынау кезінде таралады. Радиацияның шамадан артық мөлшері ағзада қатерлі ісіктің, генетикалық өзгерістердің пайда болуына әсер етуде. Семей аумағында кәзір 700 мыңға радиациямен зақымданған жер бар. Оның адам денсаулығына тигізетін әсері үлкен. Сонымен табиғи ортаға ғарыштық сәулелер, топрақтан, күн сәулесіне келетін немесе жасанды жолмен, флюорография, теледидар арқылы, сағаттардың шағылыс циферблаттарынан, т.с.с. туындайтын сәулелер де адамға әсер етеді. Өсімдік – тіршілік тірегі. Ғаламшардағы өсімдіктер жылына ауа қабатына 400 млн. тонна оттегі қабылдайтыны анықталған. Жасыл желектер ауаны улы газ бен шаңнан тазартады. Өсімдіктер ауада ауру тудыратын бактериялардың жоятын ерекше зат бөліп шығарады. Оның медицинада алатын орны ұшаң – теңіз. Сондықтан өсімдіктің қызметін бірде–бір жетілген механизм атқара алмайды.

Табиғатты қорғау - бұл табиғи жер және су ресурстарын ұтымды пайдаланып, сақтауды және ұдайы өсіруді қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік, қоғамдық, әкімшілік-шаруашылық, техникалық-өндірістік, экономикалық және заңды шаралар жүйесі. Қазақстанның табиғи ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану. Қазақстан Республикасының Мәжілісі және Үкіметінде табиғатты қорғауды күшейтуге, республикамыздың табиғи ресурстарын ұдайы өсіруге бағытталған бірқатар заңнамалық актілер қабылданып, пайдаланылуда. Әрбір облыстардың жанында осы актілердің орындалуын бақылайтын арнаулы мекемелер бар. Республикада табиғат қорғау прокуратурасы құрылды. Ол Қазақстан Республикасының табиғат қорғау туралы заңдарының орындалуын қатаң қадағалайды. Қазақстанда мемлекеттік ұйымдар торабы құрылған, олардың қызметі бірегей құрамды флоралар мен фауналары бар үлкен аумақты барынша ұзақ сақтауға арнайы бағытталған. Бұл ұйымдар - қорықтар, ұлттық табиғи саябақтар және ерекше қорғалатын аумақтар.

Табиғи ортаны ластанбауына адамдардың терең түсінігі керек. Біз қоршаған ортаны қорғаймыз десек, балабақшадан бастап экологиялық тәрбиені үйреткеніміз дұрыс. Ата аналар тазалық сақтауды балаларының бойына неғұрлым ерте сіңірсе, соғұрлым іс алға басып, бүгінгідей күрделі жағдайлардың алдын алуға септігі тиеді.

Табиғатты қорғау қарапайым дүниеден басталады деп ойлаймын. Мәселен, жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеу ұлттық негіздегі балабақшадан басталады. Табиғат пен қоршаған ортаны қор¬ғаудың жолдарын ұғындыру, жалпы халықтың экологиялық сауатын ашу, жас¬тарға үздіксіз білім беру нәтижесінде ғана шешіледі. Біз бәріміз де табиғатты қорғауда, сақтауда және оны дұрыс пайдалануда ұрпақ алдында, тарих алдында жауаптымыз.

Міне, осы тұрғыдан барлық жеткіншікке экологиялық тәрбие мен білім беру – олардың дұрыс дүние тану көзқарасын қалыптастырады. Қашан да табиғатты аялайық. Ол өктемдікті көтермейді. Та¬биғатқа адал болайық, ал адалдық табиғат үйлесіміндегі қатынастардың шынайылығы мен табиғилығын айқындайтын категория екені сөзсіз. «Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп халық даналығында айтылғандай, табиғатты қорғау біздің міндетіміз, болашақ ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Сондықтан табиғаттың жанашыры болу әр адамның міндетті борышы екенін біліп жүрейік!

Гүлвира НУСИПОВА,
«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жалғызағаш орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»КММ
Химия пәнінің мұғалімі

РЕФОРМЫ В КАЗАХСТАНЕ ЧТО ГОВОРЯТ ЦИФРЫ

С момента своего избрания Президентом Казахстана К. Токаев определил будущий политический курс страны, нацеленный на создание нового Казахстана. Еще в своей предвыборной программе в качестве его основных принципов Президент обозначил преемственность, предполагающую эффективное продолжение действующей политики и сохранение всех позитивных достижений в интересах дальнейшего развития страны.

Представители медицины, научного сообщества, педагоги, студенты стали главными участниками изменений в социальной сфере. В Казахстане принят уникальный для постсоветского пространства закон «О статусе педагога» для защиты прав учителей. С января 2020 года заработная плата педагогов ежегодно повышается на 25%. В 2022 году средняя заработная плата врачей увеличена на 30%, средних медицинских работников – на 20%. С 1 сентября 2022 года стипендия студентов казахстанских вузов повышена на 20%, магистрантов и докторантов – на 15%. Вновь получила государственный статус Национальная Академия наук Казахстана.

После подписания закона «О республиканском бюджете на 2023-2025 годы» с 1 января этого года увеличились базовые и социальные выплаты.

С января 2024 года начнет работу проект «Национальный фонд – детям», согласно которому половина инвестиционного дохода Нацфонда будет поступать на спецсчета всех юных казахстанцев до 18 лет. Так начнет реализацию новая конституционная норма о том, что недра страны принадлежат народу Казахстана.

С воодушевлением общество приняло возможность избирать акимов. Казахстанцы на сегодняшний день готовы к тому, чтобы выдвигать достойных представителей на должности акимов и голосуют за тех кандидатов, которые пользуются доверием и авторитетом, которые сами хорошо знают все существующие в регионе проблемы и готовы решать их.

Следующие реформы коснулись институтов государственного управления. В рамках перераспределения президентских полномочий Касым-Жомарт Токаев инициировал принятие новой конституционной нормы. Согласно ей полномочия Главы государства в Казахстане продлены до семи лет, но ограничены одним сроком. При этом никакого «обнуления» полномочий самого К. Токаева не произошло – его второй и последний семилетний срок из-за того, что президентские выборы были проведены досрочно, закончится в том же 2029 году, в котором завершилась бы и вторая пятилетка, если бы перевыборы прошли в срок.

Созданы условия для справедливой партийной конкуренции. Президент Казахстана в период осуществления своих полномочий не может состоять в политических партиях, так же, как и акимы и руководители силовых структур. Это позволяет формировать многополюсную партийную систему.

Близкие родственники Президента Республики Казахстан не вправе занимать должности политических государственных служащих, руководителей субъектов квазигосударственного сектора. Одновременно с этим из Конституции исключены все нормы, касающиеся полномочий и статуса первого президента.

Важным форматом реформ обозначен также переход от суперпрезидентской к президентской республике с сильным Парламентом.

Уже дважды с того момента, как Глава государства предложил учредить Национальный курултай, он собирался. В его состав входят представители всех регионов, депутаты, члены Ассамблеи народа Казахстана, Гражданского альянса, общественных советов и организаций, общественные деятели, работники производств и сельского хозяйства, бизнес-представители и другие граждане. Как отметил К.Токаев в своем выступлении на втором Национальном курултае: «Национальный курултай – это не торжественное собрание, на котором произносятся высокопарные речи. Наши предки созывали курултаи в критические периоды истории, чтобы обсудить и принять важные для страны решения».

Реализация инициатив руководителя страны — важный шаг в построении справедливого и правового государства. Чувство гордости за Родину начинается с веры своему Президенту и правительству. Будущее начинается уже сегодня. Страна начала путь к серьезным изменениям, и сейчас, благодаря стараниям Главы государства и при абсолютной поддержке народа, закладывается основа, которая даст плоды в будущем.

Токаев выбрал сложный путь изменений и совершенствования – и народ пошел за ним. Реформы уже положительно сказываются на жизни казахстанцев и способствуют повышению гражданской активности. К. Токаев заложил фундамент сильного государства, во главе которого объединенный национальной идеей народ, а опорой выступает свобода слова. Чтобы умножить созидательный потенциал народа важно создать максимально благоприятные условия для самореализации каждого гражданина.

Б.БОРАНБАЕВ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – БҰЛ МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БІР ТҮРІ

Мемлекеттік қызмет – көрсетілетін қызметті алушылардың жеке өтініштері бойынша жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарымен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған маемекеттік функцияларды іске асырудың бір түрі.

Мемлекеттік қызметтер адам өмірінің барлық салаларын және бүкіл кезеңін қамтиды. Адам дүниеге келген сәттен бастап өмір бойы мемлекеттік қызметтерді алу арқылы мемлекетпен өзара әрекеттеседі. Мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың және азаматтардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қызметіне сенім. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметтерді көрсету саласында үлкен өзгерістер болды, арнайы ережелермен стандарттар жасалып, бекітілді.

Ақын Сара ауылдық округінде мемлекеттік қызмет түрлерін ұсыну әкім аппараты жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет түрлеріне: анықтама беру, өтініш беруші отбасының атаулы әлеуметтік көмек алушыға жататындығын, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін бер, саудасаттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу, жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату, жер учаскесін алу үшін кезекке қою және т.б.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері белгіленген мерзімде уақытылы және тегін көрсетіледі.

Ауылдық округте ең сұранысқа ие қызмет түрлері «Сауда (аукцион, конкурс) өткізуді қажет етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін алуға құқық беру».

Ғаламтор дәуірінің басталуын ескере отырып, көптеген елдер халықтың мемлекеттік органдармен (қызмет көрсетушілермен) қарым-қатынасын жеңілдетуге, жеделдетуге және оңтайландыруға тырысуда. Дәл осыған орай, Қазақстан Республикасында азаматтарға және бизнеске мемлекеттік және муниципалды қызметтердің жиынтығын ұсынатын «Egov.kz» «Электрондық үкімет» порталы (бұдан әрі — портал) енгізілді. Оның көмегімен сіз қызметті электронды түрде ғана алып қоймайсыз, сонымен қатар қызмет туралы, қажетті орын, баға, сараптама мерзімімен құжаттардың үлгілері туралы барлық ақпаратты ала аласыз.

Халыққа мемлекеттік қызмет түрлерінің қол жетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары халықтан порталды пайдалану туралы сұрақтар туындағанда жауап береді, электрондық цифрлы қолтаңбамен қызметтерді алуға болатындығы жайлы ақпарат береді.

Мемлекеттік қызмет түрлерін көрсету туралы халыққа қол жеткізу және ақпараттандыру мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында визуалды ақпараты бар, стенд орналасқан. Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрлеріне шағым келіп түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық сұрақтарыңызға «Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, мекен-жайы: 040514, Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Ақын Сара ауылы, Біржан Сал көшесі, 22 үй. 8 (72836) 5-10-90 телефоны арқылы ақпарат ала аласыз.

«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауапты тұлға бас маман А. Исембаева

Кез келген демократиялық мемлекет мемлекеттік қызметтер көрсету саласын дамытуға ұмтылады, осыған байланысты Қазақстанның барлық азаматтары мемлекеттік қызметтерді алу кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне шаралар қабылдауы, электрондық мемлекеттік қызметтерді алуға ұмтылуы қажет.

«Ескелді ауданы Ақын Сара ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫ - МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ!

Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда өзіне-өзі қызмет көрсету мақсатында, қызмет алушыларға порталарқылы қызмет көрсету және тұрғындардың портал арқылы қызмет алу кезеңінде кеңес беру үшін Ескелді ауданы Төленгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы орналастырылып қазіргі таңда ауыл тұрғындарына қызмет етуде. Ауыл тұрғындары «e–gov» порталы арқылы көрсетілетін қызметтерді ХҚКО-на бармай, өз уақытын үнемдеп, электронды түрде мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ,«Төленгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2023 жылдың 3 тоқсанында www.egov.kz порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мәселелері бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру және әдістемелік оқыту брошюраларын тарату бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында «Электрондық үкімет және электрондық қызметтер» - атты акциясы өткізілді. Осындай оқытулардың нәтижесінде ауыл тұрғындары Төленгіт ауылдық округі әкімдігі ғимаратында орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы өз беттерінше қажетті электронды құжаттар нұсқасын алуда.

Өз уақытыңызды үнемдеп, «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын» тиімді пайдаланыңыз.

«Төленгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1.Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

2.Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

3.Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру;

4.Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

«Төленгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Асық ойыны Асық-малдың сан мүшесіндегі асықты жілік пен сирақты бір-біріне тұтастырып тұрған немесе, санның жоғарғы буыны мен сирақты бөліп тұрған, орыны жағынан толарсақпен асықты жілікке тәуелді келетін, мал сүйектерінің ішіндегі тұтас біткен ең шымыр сүйек. Ал, асықты бірден бір құрал еткен асық ойындары төрт түлік малдың, әсіресе, қойдың қолға үйреніп, үй жануары болуына орай, мал шаруашылығы пайда болған сонау есте жоқ ескі заманнан бері жалғасып келе жатқан, құдды дойбы, тоғыз құмалақ сияқты тарихы ұзақ, жалпыласу көлемі кең әрі өте қызықты ұлттық әр түрлі ойындарымыздың бірі.

Кезінде оны тек балалар ғане емес, жастар да, қарттар да құмартып ойнайтын болған. Көлемі жағынан, сиырдан басқа, ірі қаралар мен бұғымаралдың асығын «сақа» сирдың асығын «топай» қой мен арқардың асығын «кентай», ешкі мен тауешкінің асығын «шүмәйт» еліктің асығын «жемек» деп алса, сыртқы тұлғасы мен тұрысына қарай, жатысынан жұмыр жағы ұстіне қарап түскен жағын «бүк» шұңқыр жағы үстіне қарап түссе «шык» тұрысынан шұңқыр жағы үстіне қарап түссе «алшы» жайпақ тегіс жағы үстіне қарап түссе «тәйкі» асықтың жілікпен тұтасқан аша жағы үстіне түсіп қалса «шомпы» жіліншікпен тұтасқан жұмыр жағы үстіне қарағаны «омпы» деп атаған. Асық өз дәуірінде көшпелі қазақ сахарасында көңіл ашатын күрделі ойын түрлерінің бірі болып таралумен бірге, тағы бір жағынан, ұлтымыздың ескілікті тұрмыс салтында бейне алақанға қарап бақ сынайтын, құмалақ салып бал ашатын, жауырынға қарап жол ашатын түрлі наным-танымдарға ұқсас асық үйіп те болжам айтатын болған. Яғыни ата-бабалармыздың бал ашу мақсатымен, аңшының олжасынан, жолаушының жолынан, жоқ іздеген жоқшының соңынан, құрған қақпанның қанынан хабар бер деген тілек сөз айтып асық үйірген. Мұнда асық үйрушінің аңсары-үйірген асықтың алшы түсуі болып саналады. «асығым ақ сөйле, ақ жол берер болсаң, үш үйргенше айдай алшы түс» деп үйірген. Егер асық алшысынан түссе, ол ақ жол амандықта, қанжағасы қан болған, олжадан жолы болған, жолаушының жане басқада істердің оңға басқанынан, не солай болатындығын білдіреді. Сол себепті асықтың алшы түсуі өте жоғары бағалаған.

Ал «тәйкі» түссе, онда үйрілген асықтың сөйлемей, ешқандай болжамның болмағандығын «бүк» түссе бұйрғаны бойында, еш жамандық не жақсылықтың жоқ қалыпты жағдай болады. «шік» түссе, аңшының алымы болмай құр қайтатынын, жолаушымен жолшының жолы болмай құр қайтатынын, құрған қақпанға аң түспегендігін немесе басқа істердің сәтті болмайтынын білдіреді. Сонымен бірге, асықтың төрт түлік түсуін, сыртқы ерекшелігіне қарай төрт түрлі малдың симолы есептеп, алшы-ойшыл атаның түлікті түйенің, тәйкі-қамбар атаның түлегі жылқының, бүкзеңгі бабаның түлегі сирдың, шік-ұсақ мал шрпан ата мен шекшек атаның түлегі қой мен ешкінің баламасы саналып, үйірген асықтың түскіне қарай, сол кездегі мәлім бір маусымның ауарайы, мәлім бір өңірдің жар жағдайы қай түлік малға тимды болатындығы әрі қандай адамға қайсы түлік малдың мол бітетіндігі ырмдалған. Көне көз карттар мен зерделі шешен-шежірелердің айтуына қарағанда, кезінде асық тек көңіл кәтеріп ойнайтын ойыншық ретінде емес, әрі білікті билер мен қаһрлы хандар жағынан кейбір құманды құналарды тергеуде қолданылатын жаза құралы ретінде пайдаланған, мәселен, ертедегі қазақ билері мен қазылары сол кездегі ел мен елдегі ағайынды араз қылған түрлі жер дауы, жесір дауы, ұрлық, барымта дауы сынды күрделі істерге әділ билік, адал төрелік айту үшін, істеген қылмысын мойнына алмаған күмәнді адам, ең соңында шекесіне асық басып тергеп, шынын айтқызған, асық басу тергеу үшін, алдымен істеген қылмысын мойындамаған күнәкарді алдырып,оның екі шықшытына екі асықты туралап жіңішке қайыспен немесе мықты жіппен таңып байлап, содан кейін әлгі қайысты қамшының сабымен, болмаса жіңішке ағашпен ауған түйеге бұрау салғандай бұраған. Сонда тергеуге алынған адамның екі шықшытына қатты асық батып, екі көз сыртқа теуіп, шарасынан шығып кете жаздап қиналып, істеген қылмысын мойындамасқа амалы қалмайды екен. Сондықтан, асық басып қинау ерте кездегі қазақ халқының дәстүрлі жала сотындағы қылмыскерді тергеудің ең ауыр жаза тәсілдерінің бірі болса, ал асық осы тергеу тәсіліндегі ең негізгі құралдың ролын ойнаған.

Мұнда тұтас мал сүйектерінің ішінде асықтың қаттылық қасиетін ата-бабаларымыздың ертеден-ақ түсініп білгендігін байқауға болады. Ал, асық ойыны бүкіл қазақ жерінде жалпы беттік жалпыласқандықтан, оның түрлері де бір шама мол, ойыншылар кезінде оны елдің қолы жұмыстан босаған жаз жайлауда, қыстауға барғаннан кейінгі қыстың ұзақ сары таңында, күннің жылымық байқатқан кейбір жайма шуақ кездерінде сыртқа мұз үстінде ойнаған. Тіпті, кейде асық құмар шеберлер мен сал-серілер дорбаға асық салып алып, ауылдан-ауылға, елден-елге өтіп, аты шыққан ойыншыларды іздеп барып өнер сынасқан. Тек наурыз айы туып, көктемгі күйек түскен шаруаның қаурт кезінде ғане асық ойнау ел ішінде жаман ырмға балаған, сондай болса ауыл жастары мен азаматтары және бала-шағалары осы бір ата-дәстүрімізге жетіп, байрғы мәдени мұраларымызбен қызықты көңіл қимылымыздың бір тамшысы есебінде тілге тиек болып отыр. Асық ойыны, әсілі жалпыласқан тәртібінде негізінен бір сақа, сан-санақсыз асқтардан құралып, бұзау тайыншалардың асықтары мен қой асықтарының ірісі, әсіресе, жасамыс ерек қойлардың асықтары, ойыншылардың келісімі бойнша сақа орнында пайдаланады. Кезінде мүмкін болғанда бұғымаралдың не арқа-құлжаның асығынан сақа ұстау ерекше жоғары бағаланған. Тіпті, арқар-құлжаның асығын кейбір қол жеткен сал-серілерге, тамыр-таныс, ағайын-достарына сауға ұсынып, сәлемдеме орнында жіберген. Өйткені, бұл аңдардың асығы әдеттегі қой асықтарына қарағанда әрі ірі,әрі шымыр болып, сымбаттылығын қоса, ойында өте ұтымды болады. ал бұзау мен тайыншалардың асығында жоғардағы аң асықтарының қасиеті толық болмаса, әдеттегі қой асығынан мелжемділігі оның сақа болуына тимділік әкелді акелді. Асық ойынында сақаның атқаратын ролы өте жоғары болғандықтан, кейбір ойыншылар, сақаның тіпті де ұтымды болуы үшін асықтың мәлім бір жерін тесіп, ішін қуыстап, оған қорғасын құйып, аузын сүйекпен не сіңірмен бекітіп тастайды. Мұндай сақалардың салмағы ауыр болып, үйіргенде алшы түскіш келеді. Әрі басқалар атқанда оңайлықта ұшып кетпейді. Өзі тикен асықтарды алысқа ұшыра алады.

Ал асық ойынына келсек, оның түрлері бір шама көп, әрі әр ойынның әр өңіріндегі атауы да, ойнауы да бір-біріне ұқсамайды. Деседе, осы ойын түрлерінің қай-қайсы болсын, бәрінің де өзіндік ойын басқыштары, қылып еткен қимылдан жаздыратын қатаң қағида-жосындар болған, ойыншының қайсарлығы мен қажырлығы, ептілігі мен мергенддігі соңғы жеңіс пен жеңілісті белгілейді. Төменде асық ойынының басты бір неше түрлерін жеке-жеке таныстырып өтейік. Омпы ойыны Асық ойынының балалар арасында бір шама көп таралған түрі, бұл негізінен сыртта ойналады. Онда әуелі диаметр екі де үш адым шамасында шеңбер. Шеңбердің дәл ортасында көлденең сызық сызылады да, ойыншылардың біреуі бірден асық шығарып, ең ірісін шеңбер ішіндегі сызық бойынада омпысынан, қалғандарын соның қасына алшысынан не тәйксінен тігіліп қойылады. Омпысынан тігілген асықтың белгісін айқындау үшін ең абзалы басқа түспен боялғаны болады. Осыдан кейін шеңбердің екі жағынан шамамен он адым қашықтықтан асық көздейтін тағы екі сызық сызылып, ойыншылар ендігі жерде, сақалын үйрісіп, кезек алысады. Онда, алшы-бірінші кезекте, тәйкі-екінші кезекке, бүк-үшінші кезекке, шік-төртінші кезекке ие болады. Сақалары ұқсас түссе, қайта үйріп кезек алады. Осылайша, ойыншылар қолдарындағы сақалармен сызық бойында тұрып, шеңбердің ішінде тұрған асықтардың кезек көздеп, реті бойынша ойынды жалғастырады.

Әрине, ойыншылардың бұл арадағы мақсаты шеңбердің ішінде тұрған омпыны шеңбердің сыртына шығару, егер кімнің сақасы тігілген асықтардың біреуіне тиіп, соны шеңберден шығарса, онда сол асықты ғане алады. Ал, шеңбердің сызығына бір табан жақын барып тұрып қалса, онда қарсы жақтағы сызықтан жалғасты көздейді. Бұл ойын барлық асықтардың шеңберден шығып болғанша жалғасады. Көздеген кезде сақа асқтарға тимей кетсе, сол ойыншы қалып кезек екінші адамға өтеді. Ол да бірнші ойншы сияқты омпыны атып шеңберден шықса, тігілген асықтарды түгел ұтады. Әйтпегенде бірден атып ойын жалғастырады. Көмбедегі асық таусылғанда ойыншылар бірден тағы да асық тігеді. Бұл ойынды кейде «шеңбер» деп те атайды. Хан ойыны Бұл ойынды сыртта, тегістеу жерде ойыншылар жеке-жеке де, одақтасып та ойнайды.

Ойынға қажетті асықтардың санында шек болмайды. Тек, қос уысқа сиуды, тақ сан болуы шарт. Мәселен үш адам ойнаса, әр ойыншы оннан асық шығарып, оның үстіне бір хан қосып, жиыны отыз бір асықпен ойнауға болады. Бұл арадағы хан бәріне ортақ пайдаланылады. Әркім өз алдына жеке хан сайламайды. Хан сайланған асық өзге асықтардан өзгеше бояумен боялып, белгісі бір шама анық, әдеттегі асықтардан оңай парықталатын болса, соғұрлым жақсы. Хан ойынында ойншылардың ойын бастау кездегі сақа үйру әдісімен белгіленеді. Кімнің сақасы алшы түссе, ойынды сол адам бастап кезек қолдың оңынан солға қарай айналады. Егер кезек алу жолындағы бірнеше ойншының жалғасты сақа үйріп кезек белгілеседі. Ойын басталғанда, бастаушы барлық асқтарды қос уысына толтырып алып, шашып жібереді де, ендігі жерде асқтардың тұрысына қарай бүк пен бүкті, шік пен шікті, алшы мен алшыны, тәйкі мен тәйкіні өзара көтдеп атады. Әрі атып тигізген асғыс өзі алып отырады. Осылайша ойын алдыңғы келсім бойнша үш асық, бес асық немесе он асық атып аталғаннан кейін, енді хақнды атуға кезек келеді. Оны да сол ханның түскен асығмен ұқсас түскен асықпен атады. Яғни хан тәйкі тұрған болса тәйкімен, алшы тұрған болса алшымен атады. Бұл «хан бауыздау» деп аталады. Ханды атып алған соң, ханды атып алған сол асықпен, соған ұқсас жатқан тағы бір асықты атып алады. Бұл «ханның бауыздалуы» болады. Ал, хан бауыздалмай қалса, онда жаңағы атып алған асықтарын қосып, ойынды ендігі адамға өткізіп береді. Әдетте, ойыншы хан ойынында ханның түскімен ұқсас түскен асықтарды мүмкін бар қорғап қалып, оны хан бауыздауға істетеді.

Енер ханға ұқсас түскен асық жоқ болса, басқа атқан асықтарынан соған ұқсас асық түсіруге мүмкіндік іздейді. Ал, атқан асық тимей кетсе немесе тиген күнде де, алған кезде қасындағы жанасып тұрған асықтарды қозғап кетсе, онда оны «қол күйді» немесе «хан күйді» деп атаа, сол ойыншы қалады. Сондықтан да хан ойыны асық ойындарының ішіндегі бір шама күрделі ойындарының бірі, ол ойыншылардың өте мерген, әрі епті болуын талап етеді. Хан ойынында әдетте асық бір саусақтың үшімен, көбінесе сұқ қол мен ортан қолдың үшімен атылады. Асық атқан қол сол асықтың орнында қалады. Асқты сүйреп атуға немесе ұстап алып лақтыруға болмайды. Атқан асық көздеген асыққа тимей немесе тиіп барып, басқа асықтарды қозғап кетсе, онда қалған емептеледі. Соңына қай ойыншының ұтып алған асығы өзі қосқан асықтан артық болса, онда ойншылардың ішіндегі ең аз асық атып алған ойншыға ұпай салған болады. Егер атып алған асығы өзі қосқан асықтан кем болса. Әрі ендігі жерде асық ойыншыға ұпай береді. Келергі жүрісті ханды ұтып алған ойыншы жалғастырады. Бұл жолы қарсы жақ ұпай салса, онда алдыңғы кезекте басқалардың өзіне салған ұпайын оған шегеріп тастайды.

Асып кетсе, артық салған ұпай есептеледі. Жетпей қалса, қалғаны мойында тұра береді. Жалғасты салынған ұпайлар осылай үсті-үстіне қосылып шегеріп отырады. Соңында белгіленген сарған кім бұрын жетсе, сол жеңімпаз болып, қалғандардан ұпай алады. Хан ойынында ойыншылар әр жолы асық ашқанда, мүмкін бар асықтардың бір-біріне жанаспай, сүйенбей, мінгеспей еркін жатуына мүмкіндік іздейді. Егер асықтар үйіліп-төгілгенде солардың ішінен мәлім бір асықты атуға тура келіп, әрі оған дәл тигізсе, онда сол асықты өте епті лікпен баяу тартып алынады. Бұл ойын жолында «қимыл» деп аталады. Егер «қимыл» барысында үйіліп түскен асықтың бір жағы қозғалып қалса, онда сол ойыншы өз кезегінен айрылады. Егер ойыншы асықтарды алғаш шашқан кезде, ішінен кейбір асықтар омпысынан не шомпысынан түскен болса, немесе асық үйірген кезде хан басқа асықтардың астында көміліп көрінбей қалса, онда «қанталапай» басталады. Яғыни, әр бір ойыншы тез қимылдап шашылып жатқан асықтарды таласа-тармаса алады.

Сонда хан кімнің қолында ілінсе, келергі астық шашу кезегі соған тиіп, жалғасты асық шашып, ойын жалғастырады. Кентай ату Бұл сыртта ойналатын асық ойындарының бірі, оны ауелі ойын майданына арасы бір адымнан қатар үш сызық сызылады да, ортаңғы сызыққа ойыншылар бірден кентай тігеді. Ойын басталар алдында ойыншылар сақаларын үйріп, алшы тәйкі, бүк, шік түсуіне қарай кезегін алады. Мұны кейде «сақа соғыстыру» деп те атайды. Ойын басталғанда, алған жүріс кезектері бойынша ойыншылар мәлім қашықтықтан сызық бойында тізіліп тұрған кентайларды сақаларымен атады. Егер атқан сақа кентайға дәл тиіп, оны әуелгі сызықтан шеткі сызықтың сыртына ұшырып шығарса, сол кентайды кімдікі болса да ұтып алады да, қарсы жақтағы белгіленген жерден жалғасты атады.

Ал, сақасы көздеген кентайға тимесе де тисе де, оны шеткі сызықтан шығара алмаса ойын кезегі басқаларға өтеді. Кентай ату ойынында кей кездері сақа үйріп, жүріс кезгін алғандардың ең соңы болып қалғаны, тізілген кентайлардың ішіндегі өз асығының қасына сақсынт тігіп қойады.ойын басталғанда барлық ойыншылар өз кезектері бойынша алдымен сақаны көздейді. Кімнің сақасы тігідген сақаға дәл тиіп, оны шеткі сызықтан шығарып жібере алса, сол сақаны кентайлармен қосып ұтып алады. Әрі ендігі ойынды бастайды. Егер ешкім тигізе алмаса немесе тигізген күннің өзінде шеткі сызықтан шығара алмаса , онда сақасын тіккен ойыншы сол кентайларды бірақ ұтып алған болады. Яғыни, соңғы ойыншы сақасын құрбандыққа тіккенде, басқалар атып шеткі сызықтан шығарып жіберсе онда ол сақа өлді. Ал ешкім тигізе алмаса , тигізгенде де шеткі сызықтан шығара алмаса онда ол тігілген барлық кентайларды ұтқан боалды. Мұны кей кездері «сақа өлтіру» деп те атайды. Қызыл асық ойыны Бұл бірде «төрт асық» ойыны деп те аталған. Бұл ертеден келе жатқан ұтыс ойындарының бір түрі. Бұл ойын төрт асықпен ойналатындықтан «төрт асық» аталған. Бұл асықтар әдетте қызыл бояумен бойалатындықтан «қызыл асық» деп атап кеткен. «Қызыл асық» әдетте екі адам да, көп адам да ойнай береді.онда екі жақ немесе ойынға қатысушылар бір келкі жақсы асықтан төртеуін таңдап алып, алдын ала көрсетілген ойнын, түсіретін асықтарын, яғни төрт алшы, төрт тәйкі, төрт бүк, төрт шік, бір алшы, бір тәйкі, бір шік, бір бүк түсіру қатарларды қамтиды. Мұнда сақа үйріп, жүріс кезектерін алып болған соң ойын бастаушы жақ алдымен төрт асықты үйреді. Ал үйрген кезде қарсы жақ ұтылған болады да жалғасты үйреді. Ал үйрген кезде қарсы жақ айтқан асықтарды дәл түсіре алмаса, онда өзі ұтылған болады да, ойынды ендігі адамға өткізіп береді. Егер басқалай бәс тігілмесе, тек асық ұтқан ойын болса, қолындағы асығын ұтқызып алған ойыншы, қарсыласынан асық қарыз алып, ойын жалғастыруға болады. Бұның бәрі де ойыншылардың алдын ала келскен шарттары бойынша жалғасады. Үшке шықтым Бұл көнеден жалғасып келе жатқан асық ойынының бірі, негізінен үш асықпен ғане ойнайды. «үшке шықтымды» ойнағанда, ойынға қатысушылардың санында шектеме болмайды. Ойын басталарда ойыншылар басқа ойыншыларға ұқсас сақа үйрісіп, алшы-бірінші, тәйкі-екінші, бүк-

5-бет

АСЫҚ ОЙЫНЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Басы 4-беттегі.

үшінші, шік-төртінші кезекте жүріс алады. Егер сақалары жалғасты түскен болса жалғасты үйреді. Ойын басталғанда, ойыншылар әуелі қораланып алып, алған кезектері бойынша қолдарына таңдап алған әлгі үш асықты алып, ретімен үйреді. Сонда үш асықты кім бірдей алшы, тәйкі, бүк, шік түсрсе, сол ойыншы үш нөмер алып, асықты жалғасты үйреді. Тағы солай түссе жалғасты үйріп жалғасты нөмір ала береді. Ал үйрген асық аралас түссе, яғыни, алшы, тәйкі, бүк, шік болып әр түрлі түссе, нөмір ала алмайды. Кезек екінші ойыншыға беріледі. Ойын осылайша реті бойынша жалғаса береді. Соңында әуелгі белгіленген санға кім бұрын жетсе, сол ұтқан болады да қалған ойыншылар өз кезектері бойынша бір жолдан қуалау кезегін алып, үш асықты тағы бір рет үйріп шығады. Егер қуалау жолында шекті санға жеткен болса, ол да жеңмпаз ойыншы саналады. Жете алмағандар ұтылған болып, ұтқан ойыншыға ұпай беріледі. «Үшке шықтым» ойынында ұпай саны 9,12,15,18 яғни үштің көбейтінді санының бірі болады. Ұпай алынып болған соң ойынды қайта жалғастырады. Үйірмекіл Үйрмекіл асық ойынының бір түрі болып, асықты бірден ұтып ойнайды. Бұл ойынды жеке-жеке де, одақтасып та ойнауға болады. Әр жолы үйрген асықың ұтысына ұарай жол алады да, асық үйруші бір келкі тұрып немесе бір келкі жаттықты түскен асықты тап дейді. Кейде бірнеше әр түрлі тұрығы (алшы мен тәйкі) әр түрлі жатықты (бүгі мен шігі) тап десе, кейде аралас түскен тұрық пен жатықты қосып тап деп өзінен кейінгі ойыншыларға бұйырады. Екінші адам үйіргенде тап дегені дәл түссе асықты түгел алады. Түспесе, үшінші адам үйреді. Ол да тапса алады таппаса әуелгі үйруші алып, асықты осылайша ұтысып ойнап, кімнің асығы таусылса, асығы бардан қарыз алады. Кейін ұтылушы асық ұтып алғанда қарызын қайтарып береді.

Сөйтіп, үйрмекіл ойнаушылар ең соңында асықты кім ұтып алған болса, сол ұтқан асығын алып кетеді. Үш табан ойыны Бұл ойны бірде, «кетсін бір» деп те аталады. Бұл ойында әр кім өз үлестерін, мәлім бір көмбе жасап, соған тігіп қояды да, алдымен сақа үйрседі. яғыни, ойыншылардың біреуі барлық сақаларды жинап алып шашады. Сонда екі асық алшы мен тәйкі түсіп, қалғаны бүк, шік түссе, сақалы алшы түскен ойыншы бірінші кезекте, тәйкі түскен ойыншы екінші кезекті алады да, олар өз реттерін сақтап қалып, басқа сақаларды тағы үйреді. Бұл жолы алшы түскен сақа болса, ол үшінші кезекті, тәйкі түскені төртінші кезекті алады. Осылай жалғасты ойнайды. Ал, бірнші жолы үйргенде тек бір сақаға тәйкі түсіп, қалғаны бүк пен шік түскен болса, онда осы түскен тәйкі бірнші кезекті алып үйрлмейді. Сақа үйірсіп, жүріс алынып болған соң ендігі жерде ресми ойын басталады. Онда, бірнші жүріс алған ойыншы көмбеден оқшаурақ жерден сақасын үйпеді. Сонда алшы не тәйкі түссе, сол түскен орынға тізілген асықтарды ату ұқығына ие болады. Егер сақасы алшы не тәйкі түспей, бүк не шік түссе, екінші кезекті алған ойыншы жүріс алып, асық тізілген сызықтың бойында тұрып, алдыңғы ойыншының сақасын атады. Немесе сызықтың қарысынан оған «қабат» айтып сақасын үйреді. Сонда бұл сақа да алшы не тәйкі түссе, алдымен тізілген асықтардың бірін атып, оны үш табан алысқа ұшырып, ұтып алған соң ендігі кезекте бірнші ойыншының сақасын көздейді. Оны да үш табан алысқа ұшыра алса, онда бірнші ойыншы ойыннан шегінеді. Екінші ойыншы тізілген асықтарды жалғасты көздей береді. Егер екінші ойыншы «қабат» айтып сақа үйргенде, сақасы алшы не тәйкі тұрмаса, ол қалып ойын кезегін үшінші адамға береді. Ол өзінен кейін ойнайтын адам жоқ болса, ыңғайына қарап алдыңғы екі сақаның біріне «қабат» айтады. Сонда оның асығы алшы не тәйкі түссе, жоғардағы ойыншыларға ұқсас, ойынды жалғастырады. Үш табан ойынында тізілген асықтарды қай жағынан бастап ату ойыншылардың екінде болады. Атқан кезде сақа тиген асық үш табан жерге ұшып кетсе, ұтқан есептеледі де, сол асықты алып, жалғасты асық атады. Егер сақасы көздеген асығына тимесе, тиген күнде де үш табан алысқа ұшпаса, ол ойыншы қалып, сақа тиіп орнынан қозғалған асық әуелгі орнына қайта тігіледі. Ойынның соңына таман мәлім бір ойыншының асығы таусылса немесе таусылмай асық шығарғысы келмесе, онда сақаны ату ойын бастаса болады. Сақа ату, сол ойыншы сақасын сапасына қарай үш асыққа, бес асыққа,бағалап кентайдың орнына тігіп қояды. Оны атқанда алдымен келісім жасап, кем дегенде бес табан да, жеті табан алысқа ұшыру шарт болады. Егер көзделген ойыншы тігілген сақаны расында жаңағы айтылған межелі алсысқа ұшырып жіберсе, онда сақаны ұтып алады. Ұтылған ойыншы сақасын беруге қимаса, бағана бағалаған асғын соңынан толықтап қайтарса да болады. Егер сақа беруге келіскен болса, онда сақаны береді. Ал, тігілген сақаны ешкім дәлдей алмаса,дәл тигізгенімен алысқа ұшыра алмаса, сақаның иесі ендігі ойын кезегін алады. Үш бабан ойынында, ойыншылар әдетте асықты алшысынан, тәйкісінен және омпы-шомпысынан араластырып тігеді. Егер асықтар



түгел алшысынан тігілген болса, оны «қасқыр» деп атап, ойын тамашалаған не ұтылған ойыншы тізілген асықты алып қашады. Қуғанда жеткізбесе сол беті иемденіп кетуіне болады. Үш табан ойынының өспірімдерге арналған қарапайым түрін «табан» деп атайды. Онда сақасын атып, бір ойыншы ойыннан шығару тәртібі болмайды. Әр сақа тиген асық бір табан алысқа ұшса болды. Бүк-шік Бұл ойынға қатысушылардың санында шектеме болмайды, онда әуелі мәлім бір жерден көмбе жасап, соған біреу бірден асық тігеді де, қаншалық алыстан атуды өздері белгілеседі. Ойын алдында, асық ойынның басқа түрлерімен ұқсас сақа үйріп, кезек алады. Одан соң бірнші кезек алған ойыншы әуелі белгіленген жерден тігілген асықтарды көздейді. Егер онда сол майданда тігілген асықтарды түгел ұтып акетеді де, басқа ойыншылар тағы бірден асық тігеді. Бірнші ойншы жалғасты ата береді. Егер сақа тигенде бір бүк, бір шік болып түссе, яғни сақасы бүк, тиген асығы шік немесе сақасы шік, тиген асығы бүк болып түссе, онда сақасы тиген сол асықты алады да, сақасы тиген жерден басқа асықтарды жалғасты көздейді. Ал тігілген асықтарға сақасын тигізе алмаса тигізген күнде де сақалы алшы тұрып, жоғарғыдай тізілген асықтарды түгел ұтып кетуге келмесе немесе сақа мен асықтың бірі бүк, бірі шік түсіп, бір асықты ұту орайы болмаса, онда бұл ойыншы қалып, кезек екінші ойыншыға өтеді. Ол асық көздегенде, бірнші ойншының сақасы тізілген асықтардың басынан бастап атады. Ал, бірнші ойыншының сақасы тізлген асықтардың ретін бұзып кеткен болса, онда түрлі ұтыстың біріне келтіріп, ұтып алғаннан кейін барып, тізіліп тұрған асықтарды көздейді. Әр жолы асық атқанда, қалған ойншының сақасы түскен жерінде жатады. Екінші жолы асық ату кезегі келгенде, сақасы жатқан сол орныннан қозғалған асықты не тізілген асықтарды көздейді. Сақаның орнын аустыруға немесе қайтадан көмбеге апарып атуға болмайды. Қақпақыл Жастар мен атпал азаматтар бас қосқанда ойнайтын байрғы асық ойндарының бірі. Қақпақыл ойнағанда, ойншылар ең әуелі бір «хан» сайлайды. (бұл кейде, «құсбек» деп те аталады) сонымен ойынға қатысқан адамдар санына қарай (екі адам болса бір орннан, үште төрт адам болса бірі бестен) асық шығарысып, алдымен сақа үйрісіп жүріс кезегін белгілеседі. Ұқсас түскендер болса қайта үйрісіп кезек алсады. Қақпал ойнағанда, ойын бастаушы құдды «бес тас» ойыны секілді барлық асықтарды қолына жинап алып, жоғары қарай лақтырып, бір қолының сыртымен «ханды» тосып, қайта бір қаршып алады. Егер қолының сыртымен тосқан асықтардың ішінде «хан» жоқ болса, онда келісім бойынша әдеттегі асықтардан екі де үш не төрт не бес асық тосып, соны қайтадан қаршып алып, оны «ханға» айрбастайды. Ал, алақанының сыртымен тоса алмаса, тосқан күнде де қайта қаршып ала алмас, ойын қарсы адмға өтеді. Егер «ханды» қаршып алған болса ендігі жерде ойыншы оны ұшырады. Яғыни, «ханды» жоғары лақтырып, жерден асық теріп, түсіп келе жатқан «ханды» қайтадан тосып алады. Осылайша бірнші жолы ұшырып, үш асық алады. Егер әуелде қосқан асығы он болса, онда осы үш жолғы алған асығы алты алты болып, қосқан асығының жарымынан асқандықтан, ендігі жерде «хан пысқан» болып есептелінеді. Төртінші рет «хан» ұшырып жалғасты төрт асық алады.

Сонымен қолындағы асық онға жетіп, өзі қосқан асықтарды түгел қайтарып акетеді. Оны «өз асығым өзімде,шекей тымақ көзімде» деп атайды. Бесінші рет «ханды» ұшырып бас асық, алтыншы рет тағы бес асық алады. Сонда қарсыласынан он асық ұтып алып, оған он ұпай салған есептеледі. Ойын шартында, ойыншы «ханды» ұшырып жерден асық алған кезде басқа асықтарды қозғап алмау керек. Басқа асықтарға қол тиіп қозғалып кетсе, онда ол қалып, ойын кезегі екінші адамға өтеді. Егер бірнші ойыншы қаладан бұрын «ханды» пісіріп алған болса, енді ойын кезегін алған алған ойыншы оған бір асық беріп, ойынды айрбастап алады. Пыспаған болса, алған асығымды «хан» түгел өткізіп алады. Ал келергі ойын кезегі келгенде алғашқы ойншы «ханжы» пісіріп алып қалған болса, ендігі кезегінде үштіктен жоғары қарай қай жерден қалған болса, ендігі кезегінде үштіктен жоғары қарай қай жерден қалған болса сол қалған жерінен бастап жалғастырады. Ал, үштіктен төмен қалған болса қайта бірліктен бастап ойнайды. Ойыншылар «ханды» ұшырып жерден асық алған кезде, өзіне қолайлы жағынан бастап алуға ерікті. Деседе, алдымен шашыранды түскен асықтарды алып, ханды пісіріп алғаны ең абзал болады. Қақпақыл ойынында, бір ойншының салған ұпайын, ұтылған ойыншы ендігі жүрістен қайтаруға тырысады. Егер келергі кезекте ол ұтқан болса, қарсыласы салған ұпайды одан шегеріп тастайды. Жетпей қалса, кемі өз мойнында тұра береді. Асқаны қарсы ойыншыға салған ұпай болып есептеледі. Осылайша әуелгі келіскен ұпай санына жеткен ойыншы қарсыласынан ұпай алады. Сасыр Сасыр ойынында ойынға қатысушылар алдымен төрт асықты айрым ұтыс асығы етіп белгілеп алады да, сақа үйреді, түсуіне қарай, алшы-бірнші, тәйкі-екінші, бүк-үшінші, шік-төртінші болып жүріс кезегін белгілеседі. Егер сақалары ұқсас түскен болса, тағы үйрісіп жалғасты кезек алысады. Ойын басталғанда, бастаушы таңдап алынған төрт асықты қолына алып үйреді. Бұл төрт асық әр ойыншыға ортақ қолданылады. Әркім қалаған асығын үйре бермейді. Ондағы ұтылу мен ұту, былай айтқанда тіккен асықтарды түгел пісіріп алу мен «сасу» белгілі шарт астында болады. Демек, үйрген төрт асықтың бірі алшы, бірі шік, екеуі бүк түссе, алшы мен шік үшін қарсы жағынан екі асық ұтып алады. Ал, бірі алшы, бірі тәйкі, бірі бүк, бірі шік түссе ештеңе де ала алмайды. Кезек екінші адамға өтеді. Ол асық үйргенде, бір тәйкі, бір бүк, бір шік түссе, онда екі асық ұтылған болып, асығын төлеп, кезекті қарсыласына береді. Ал, үйрген асықтары алшы болмай бірыңғай шік түскен болса, онда асық ұта алмайды. Жалаң алшы түссе, онда асық ұтады. Егер бір алшы, екі шік, бір бүк түссе немесе бір тәйкі, екі бүк, бір шік түссе, онда алшы үшін бір асық ұтқанмен, тәйкі үшін бір асық ұтылып, алмас-бермес болады. Ал, екі алшы мен екі тәйкі қатарынан түссе, онда ұтылыстағы асықтарды бір-ақ алуына болады. Мұның керісінше екі тәйкі мен екі бүк болып түссе, онда «сасиды». «сасығанда» ұтыстағы асық қанша болса, үстіне соншалық асық қосып қарсыласына береді. Егер қарсыласына салған ұпай болса, ол да бірге «сасып» салған ұпай түгел күйіп, асқан артығы қарсы жағына салған ұпай болып есептелінеді. Сасыр ойынының таралған көлемі бір шама кең болғандықтан, оның әр оңірдегі жалпыласқан түрлері де алуан түрлі болады. Мәселен, кей жердерде төрт асық ортақ қолданудан тыс, асық үйрерде ұтысатын асық саны белгіленіп алады.

Сонымен үйрілген асық алшы, тәйкі, бүк, шік болып төрт түрлі түссе, қарсыласынан айтылған асығын ұтып алып, асықты жалғасты үйреді.түсіре алмаса айтқан асығын өзі ұттырып, ойынды қарсыласына өткізіп береді. Ойын барысын екінші ойыншы да осылай қайталайды. «сасыр» ойынының бұл түрінде, үйрілген төрт асық шартты түрде төрт түрлі түсуі тиіс. Төрт түрлі түсіре алмағаны ұтылады. Егер үйрген кезде төрт асықтың үшеуі алшы, біреуі бүк не шік болып түссе, болмаса үшеуі шік, біреуі алшы не тәйкі түссе, онда «сасиды» да ұтылған асығы мен саслған ұпайы тұтас ұтысқа түседі. Сасыр ойынының бұл түрінен тыс, төрт асықтың үстіне ұтылған асығын қосып, ұтқан асығын шетінен алып ойнап ойнайтын да түрі бар. Оның ойын қағидасы негізінен жоғардағы ойындарға ұқсап кетеді. Ұтқан адам төрт асық шығарып үйріседі.

Алшы ойны Ойыншылар алдымен көмбеге бір-бірден асық тігеді де, құдды басқа асық ойындарына ұқсас, ішінен ойыншылардың біреуі бәрінің сақасын жинап алып үйріп, кезек алысады. Осы барыста алшы-бірнші, тәйкі-екінші, бүк-үшінші, шік-төртінші болып жүріс кезегін белгілеседі. Егер кезек алсып, асық үйрген кезде бірнеше сақа қатарынан бір тұрыста түсіп қалса, онда сақаны қайта үйруге тура келеді. Осылайша әр бір ойыншының асық ату өшіреті белгіленіп болғаннан кейін, ендігі жерде ойыншылар көмбенің бір жақ жанына барып, әр кім өз сақаларын өздері үйреді. Осы кезде алшы түскен сақаның иесі сақасы түскен жерден көмбеге тігілген асықтардың біреуін атады. Осы барыста атылған асық пен сақа бір түста түссе (яғни, асық та, сақа да алшы, тәйкі не бүк, шік болып түссе), онда ойыншы атқан асығын алады. Ұтылған асықтың иесі көмбеге тағы бір асық тізіп қойады. Егер атлған асық пен сақа ұқсап бір тұста түспесе, яғни сақа алшы болып атлған тәйкі, бүк не шік болып түссе, онда жалғасты асық ата береді. Тек сақасы алшыдан басқа тұрыста түскен жолы ойыннан қалады. Бұл арадағы ойннан қалуда екі түрлі ереже болады. Ойыншының асық атқан сақасы бүк не шік түссе, онда ойыншы сақасын қолына алып, ойнның өшіретін өзіннен кейінгі өшіретті тұрған ойыншыға береді. Ал, сақасы тәйкі тұрып қалған болса, онда бұл сақа алынбайды. Ендігі ойын кезегі келген ойыншы алдымен тәйкі тұрған сақаны атады. Тигізсе оның асғын алады. Тигізбесе онда ойннан қалады да басқа ойншы ойнды жалғастыра береді. Егер ойншылар өшірет алып болғаннан кейін сақа үйру барысында сақасы тәйкі түсіп қалсада осындай болады. Яғни, ол ойннан қалады да сақасын ендігі келген ойыншы бастап атады. Тигізсе бір асығын акетеді. Тігізе алмаса ойннын қалады әрі тігілген асығын сақаның иесіне ұттырады. ойын осылайша біреу ұтып, біреу ұтылып, өз өшіретімен ойналады. Ең соңғы ойыншы ойнап болғаннан кейін ендігі өшірет алғашқы ойын бастаушыға қайта келеді. Көтеріспек ойны Көтеріспек ойны кейде «алтыбақан ойны» деп те аталады. Бұл негізінен ауыл арасындағы бір үйден енді бір үйге кетіп бара жатқан екі баланың жол бойы ойнап барып, ойнап қайтатын ойны.

Онда ойнайтын екі бала алдымен өзара келісіп алады. Біреуі қолындағы сақасын келіскен қашықтыққа апарып қояды да қайта қайтып келеді. Екінші ойыншы сол орында қозғалмай тұрып, әлгі сақаны атады. Атқан кезде қарсы жақтың сақасына дәл тигізсе, онда сақасын тігіп қойған ойыншы сақаны атқан ойншыны өз сақасы жатқан жерге дейін көтеріп барады. Ал, бұл барыста тұрған сақаны атқан ойншының сақасы тимей кетсе, онда алғаш сақа тіккен ойншы өз сақасын алып, сол орннан бірнші ойншының сақасын атады. Егер тимесе, онда бірнші ойншы екі сақаның арасына әлгі ойыншыны көтеріп апарып, тағы жалғасты сақа тігіп ойын жалғастырады, егер тигізе алмаса, ол онда қарсы жақтың сақасын қайта атады. Осылайша бірінің сақасын бірі атып алдыға қарай жлжи береді. Жоғардағы асық ойынының басты-басты бірнеше түрін қысқаша таныстырып өттік. Ойын төрелерінің көптігіне ұқсас, ойын соңында берілетін жазалар да кезінде түрлі-түрлі болған.

Оны «кертоқай алу» «тоқинақ алу» «түлкі ішік алу» деп бірнеше түрге бөлінген. Асық ойына қосымша атлмыш жаза түрлерін де таныстыра кетейік. Кертоғай:мұнда ортан қолдың ортаңғы бунын сыртқа шодырайтыңқыратып жұдырықты түйіп, бас бармақ пен ортан қолдың әлгі шодырайып тұрған бунын төбеге тигізіп тұрып, қолды ішіне қарай қаттырақ тартады. Сонда бас бармақ пен ортан қол төбе мен маңдайды қатты ауртады. Бұл жазаның кең жалпыласқан түрі. Тоқинақ алу: мұны бірде «шынақ пен жұдырық кертоқай» деп атайды. Онда білекті сыбанып алып, жұдырықты жоғардағыдай түйіп, шынтақты төбеге тірей қолды тартады. Сонда төбе мен маңдайға шынтақ бір тисе, жұдырық тағы бір тиіп қатты ауыртады. Жазаның бұл түрі «кертоғай» алуға қарағанда сәл ауыррақ саналады. Түлкі ішік алу: бұны бірде «омпы тістеу» деп те атайды. «түлкі ішік алғанда» алдымен тегіс жерге күл үйіліп, күлдің үстіне бір асық омпы жағы жоғары қаратылып шаншылып қойылады да, жеңілген адам екі қолын артына ұстап, тізесін бүкпей еңкейіп келіп, күлге шаншулы тұрған асықты омпысынан тістеп алады. Егер тістеп жатқанда оқыста тыныс алатын болса, бет-аузына күл шашырап, тағы масқара болады. Сондықтан, «түлкі ішік алу» түрлі жазалардың ішіндегі ең ауыр түрі есептеледі. Бұдан тыс, кезінде саусақпен маңдайға шертетін, кеселеп су, қымыз, айран, іркіт немесе қайнатқан құрт ішетін, ет, май асататын дағдылар болған.

Мұның кейбіреуі бәс характерінде қолданып, онда жеңілген адам ішем деген нәрсесінен қаншаға келссе соншалық ішіп, жеймін деген таманынан қаншаға келсе соншалық жеген, бұдан қалса ән айтып, домбыра шертіп жане басқа да өнер көрсетіп беретін дағдылар да болғанҰ Қортып айтқанда, асық ойны, ойынға қатысушыларды сопорлық пен ұтымдылыққа баулып, жылдамдық пен шыдамдылыққа тәрбиелеп, ептілік пен мергендікке үйрететін мол қасиет пен ерекшелікке ие. Ұлтымыздың дәстүрлі көңіл ашу ойындары ішіндегі ең көнелерінің бірі, асық ойынында ойнаушылардың әлгінде сөз еткен қасиеттердің бәрін өз бойында қалыптастыру мен сіңіруге мүмкіндігі шынында мол. Онда сан алуан қимыл қозғалысы, атап айтқанда, дене мүшелерінің қалыпты тұрысы, асық атқан кездегі түрлі қозғалысы, көзбен қолдың байланысы әрі олардың үндестік табуы қатарлылардың бәрі ойншыларды дене жақтан да, ақыл-ой жағынан да шыныктыра түседі. Сол себепті ұлтымыздың тегінен келе жатқан асыққа қатысты немесе асық ойынынан өрбіген: «ешкі асығы деме, қолыңа жақса сақа қой, жасы кіші деме, ақылы асса аға ғой» жане «асығы алшысынан түсті» деген бір қатар терең мағыналы мақал-мәтелдер мен сөз тіркестері бар. Бырақ, асқан асық құмарлық, ойынпаздық ерте кезде де, бүгінде де жұрт көңіліне жаққан жоқ.

Ерзат БІЛІХАНҰЛЫ

ЖАТАХАНАДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Ескелді ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері тұрғындарға жатақханалардағы қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертеді:

- электр желісіне қосылған тұрмыстық электр құралдарын қараусыз қалдырмаңыздар;
- электр сымдарының дұрыс жұмыс істемеуін қадағалап, зақымдалған электр құрылғыларын, электр розеткаларын пайдаланбаңыздар;
- электр желісін шамадан тыс жүктей отырып, бір уақытта бірнеше қуатты электр тұтынушыларын бір электр розеткасына қоспаңыздар;
-шатырларда, жертөлелерде және жертөлелерде тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, мылтықты, жарылғыш заттарды, пиротехникалық бұйымдарды, жанғыш газдары бар баллондарды, аэрозоль қаптамасындағы тауарларды, целлулоидты және басқа да өрт жарылыс қауіпті заттар мен материалдарды сақтауға және қолдануға тыйым салынады;
- өндірістік учаскелерді, шеберханаларды ұйымдастыру үшін, сондай-ақ өнімді, жабдықты, жиһазды және басқа заттарды сақтау үшін шатырларды, техникалық қабаттарды, желдеткіш камераларды және басқа да техникалық үй-жайларды пайдалануға тыйым салынады;
- баспалдақ торлары мен еден дәліздерінде қоймалар мен басқа да қосалқы үй-жайларды ұйымдастыруға, сондай-ақ баспалдақ маршының астында және баспалдақ алаңдарында заттарды, жиһаздарды және басқа да жанғыш материалдарды сақтауға тыйым салынады;
- үй-жайларда тұрмыстық электр аспаптарын қуатсыз қалдыруға, ақаулы электр үтіктерін, электр плиткаларын, электр шәйнектерін және басқа да электр жылыту аспаптарын пайдалануға, сондай-ақ стандартты емес (қолдан жасалған) электр жылыту аспаптарын қолдануға тыйым салынады;
-оқшаулаудың көрінетін бұзылулары бар электр сымдары мен кабельдерді пайдалануға, розеткаларды, ажыратқыштарды, зақымдануы бар өзге де электр қондырғыларын пайдалануға тыйым салынады;
- өрт сөндіру крандары өрт сөндіру жеңдерімен, қол өрт сөндіру оқпандарымен жабдықталуы тиіс.

Қ. ӘШІМОВ
Ескелді ауданы
ТЖБ аға инженері

ТІС ЕМДЕУ КІМДЕР ҮШІН ТЕГІН?

МӘМС бойынша сақтандырылған азаматтарға стоматолог қандай жағдайда тегін көмек көрсетуі тиіс?

Шұғыл жағдайда стоматологиялық қызмет 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге, ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, 1, 2 және 3 топтағы мүгедектерге, «Күміс алқа» және «Алтын алқа» төсбелгілерінің иелеріне, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, инфекциялық, әлеуметтік мәні бар және қоршаған ортаға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын науқастарға, мүгедек балаға немесе бірінші топтағы мүгедекке күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдарға тегін болып табылады. Осы санаттағы азаматтарға келесі көмек түрлері қолжетімді:

- ауырсынуды басу
- химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу
- ауырсынуды басу арқылы тіс жұлу
- периостотомия
- абсцесстерді ашу

Ал жоспарлы түрде стоматологтың қызметіне 18-жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер тегін жүгіне алады.

Жоспарлы түрде көрсетілетін көмек түрлері:

- ауырсынуды басу арқылы тіс жұлу
- химиялық қатайтылған композиттік материалдардан жасалған пломбаны дайындау және салу.

Одан бөлек, жақ-бет аймағында туа біткен патологиясы бар балаларға арнайы ортодонтиялық пластина орнату бойынша стоматологиялық қызмет тегін көрсетіледі.

Стоматологиялық көмек алу үшін учаскелік дәрігердің жолдамасы қажет емес, тек жүгінген тіс емханасы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан болу керек. Жетісу облысы облысында МӘМС аясында қызмет көрсететін стоматологиялардың тізімін fms.kz сайтынан көре аласыздар.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ЖҰҚА МҰЗ



***Алғашқы аяздың басталуымен су қоймаларындағы су, мұзбен жабылады. Алғашқы мұздың пайда болуымен адамдар әртүрлі себептермен су қоймасына шығады. Сіз бір жағадан екінші жағаға өту кезінде жолды едәуір қысқарта аласыз, конькимен тегіс және жылтыр мұзда сырғанап, хоккей ойнай аласыз. Алайда жақында ғана мұз болып қатқан су объектілері жасыратын елеулі қауіп туралы ұмытпағынымыз абзал. Алғашқы мұз қашанда қауіпті. Мұзға шығуға асықпаңыз, ол тек алғашында берік болып көрінеді, бірақ іс жүзінде ол жұқа, әлсіз және ересек адамның ғана емес, баланың да салмағына төтеп бере алмайды. Жас мұз бұрынғы мұздан жабықтау түсімен және қар жамылғысымен ерекшеленіп, жіңішке типте болады*.**

Мұздың беріктігін аяқпен немесе секіру арқылы сынауға қатаң тыйым салынады. Бұл жағдайда сіз бірден мұз астына құлап кетесіз. Тәуліктің қараңғы уақытында мұзға шықпауға тырысыңыз. Топ құрамында мұз үстімен бір-бірінен 5-6 м қашықтықта жүріп, қалың қар қабаты бар алаңдарды айналып өтіп, платинаның болуын ескертетін қара дақтардан сақ болыңыз. Мұзда сырғанау, ойындар ойнау, спорттық жарыстар ұйымдастыру және т.б. мұзды мұқият дайындауды талап етеді. Мұздың қалыңдығы кемінде бір адамға есептегенде 10 см, ал жаппай сырғанау кезінде кемінде 25 см болуы керек.

Егер де мұз үстінде қиындыққа тап болсаңыз:

- дүрбелеңге бой алдырмаңыз;
- жылдам қозғалыстарын жасау арқылы мұздың жұқа бетіне салмақ түсірудің қажеті жоқ;
- суға батпау үшін, қолыңызды екі жаққа кең жайыңыз; - кенеттен жасалатын қозғалыссыз, қауіпті жерден мүмкіндігінше келген бағытқа қарай жүзіңіз;
- көмекке шақырыңыз;
- өзіңізді су бетінде ұстай отырып, денеңізге аз физикалық күш түсіруге тырысыңыз.

Ата-аналарға өтініш:

- балаларды мұзға (балық аулауға, шаңғымен және конькимен сырғанауға) қараусыз жібермеңіз;
- суда, су айдындарында жүріс
-тұрыс ережелерін сақтау, қарапайым сақтық; - шараларын орындау - сіздің және балаларыңыздың қауіпсіздігінің кепілі!

Қ. ӘШІМОВ
ТЖБ аға инженері

ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕ ҮЛЫ ГАЗБЕН ҰЛАНУ

Улы газбен улану жағдайларына негізгі себепкер болатын өрт қауіпсіздік талаптарын орындалмауынан газ және газ жабдықтарының бұзылған жағдайында пайдалануы (бітелген түтін, жану және пештің конструкцияларындағы жарықтар). Алайда, улану фактілерінің барлығы азаматтардың жылытатын құрылғыларға (өрт қауіпсіздігі талаптары мен дұрыс жұмыс жасалмауы) немқұрайлы қарауымен байланысты, зардап шеккендердің санын көбейеді және көбінесе адамдар өздері емес, отбасыларын, балалар зардаптарын шегеді. Сондықтан, Жетісу облысының тұрғындар арасында улану фактілерін болдырмау үшін қарапайым ережелерін сақталуы керек:

- электр жылытқыштар мен пештерді жылыту құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша қарапайым шараларды сақтау;
- үйдегі пештерді тексеру және жөндеу; - жиналған күлден үнемі тазартқыштар мен пештерді тазалау;
- жеткілікті білімі, дағдылары мен құралдары жоқ жанармай шығаратын қондырғыларды орнатпаңыз немесе қолданбаңыз;
- үйде, шатырда, машинада немесе гаражда көмірді жағуға болмайды;
- жабық бөлмеде немесе ұйықтайтын бөлмеде желдеткіш жоқ газ құрылғыларын пайдаланбаңыз;
- бөлмені қыздыру үшін газ плитасын, пешті немесе кептіргішті қолданбаңыз.

Қ. ӘШІМОВ
Ескелді ауданының ТЖБ аға инженері

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН ЖАҢАРТУ ҮШІН ЖЫЛ САЙЫН ФЕРМЕРЛЕРГЕ 60 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҚАРАЖАТ БӨЛУ ЖОСПАРЛАУДА

Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау нәтижелерімен бөлісуді жалғастыруда. Бұл материалда ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту жөнінде айтылады.

Айтылды:

«Ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаппай жаңартудың өзекті мәселесін қосымша қарау қажет. Қаржыландырудың барлық ықтимал көздерін іске қосу маңызды. Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері операторының қаражаты есебінен отандық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу мақсатында жеңілдетілген несиелеу тетігін енгізуді тапсырамын» (Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында).

Орындалды:

Ауыл шаруашылығы министрлігі Мемлекет басшысының тапсырмасын 2022 жылдың тамызында іске асыруды бастады. Отандық ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасына 40 млрд теңге (30 млрд теңге «Жасыл даму» АҚ және 10 млрд теңге - «Бәйтерек» АҚ коммерциялық қаражаты) бөлінді. Фермерлер бастапқы жарнасыз жылдық сыйақысы 6%-бен несие алды. Бұл жаппай күзгі жиынтерім жұмыстары қарсаңында 872 фермердің лизингке 1053 техника (176 комбайн және 877 трактор) сатып алуларына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Үкімет «Жасыл даму» АҚ қорынан ауыл шаруашылығы техникасын жеңілдетілген лизингпен беру үшін 20 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. 2023 жылдың 18 қазанынан бастап бағдарламаның негізгі операторы - «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден өтінімдер қабылдай бастады.

Бұдан бөлек АШМ 2023 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы жем-шөп жинау техникасының жеңілдетілген лизингін қаржыландыру бағдарламасын 20 млрд. теңгемен іске асырса, 2024 және 2025 жылдарға 30 млрд. теңгеге дейін жеткізетін болады. Сондай-ақ, шамамен 2,8 мың жем-шөп дайындау техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі техниканы сатып алуды қаржыландыру жоспарлануда. 2023 жылдың 26 маусымынан бері «ҚазАгроҚаржы» АҚ бағдарламаны іске асырып келеді.

Айта кету керек, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы қазақстандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ға жыл сайын 2023-2025 жылдары 30 млрд теңгеге дейін ұзақ мерзімді бюджеттік несие бөлуді көздейді.

Аталған іс-шараларды келісу мерзімдерінің ұзақтығын ескере отырып, «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2023 жылдың 26 маусымынан бастап ішкі резервтер есебінен отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын лизингілеудің жеңілдетілген бағдарламаларына кірісті (26,5 млрд теңге).

gov.kz

ДОСТУПНОСТЬ - ЭЛЕКТРОННЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

Следуя общемировой тенденции, Казахстан планомерно проводит политику по повышению качества и доступности государственных услуг.

На сегодняшний день 80% всех услуг переведены в электронный формат, которые получают из веб-портала «электронного правительства», благодаря которому государственные услуги в электронном виде можно получить через смартфоны, планшеты, а также традиционный сотовый телефон.

Кроме этого, электронное правительство является одним из антикоррупционных инструментов.

ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» предоставляет следующие государственные услуги:

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,
- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,
- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»
- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»
- «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте pki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все необходимые услуги (все виды справок) мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении той либо иной услуги.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Департамент по делам государственной службы и противодействию коррупции по телефону 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» (87283635182)

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлкеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot»Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар, порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

-композиттік қызметке электрондық өтініш беру –соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

-мемлекеттік бажды онлайн режиминде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭҮ ТШ) арқылы төлеу;

-қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

Мади ХАЙРБАЕВ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық
саладағы құқықтық ақпаратты
қалыптастыру аға прокуроры

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ- СЕНІМДІ БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ!

Жас жігіттердің басым бөлігін әскери қызмет қызықтыратыны белгілі. Олардың қатарында «өрт сөндіруші – құтқарушы» мамандығына қызығушылық танытып жатқандар аз емес. Бұл мамандық ең игілікті деп бекер айтылмаған, себебі өрт сөндіру, адамдарды құтқару нағыз ерлік. Қиын әрі аса қауіпті жұмыс болғанымен, көптеген ер-азаматтар осы мамандықты таңдауда.

ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы– еліміздегі құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны болып табылады. Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы бойынша сырттай және іштей оқу түрінен өрт қауіпсіздік бакалавр біліктілігі берілу арқылы жоғары кәсіпті мамандарды даярлайды. ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы қабылдау және іріктеу Ережесіне сәйкес академияның іштей оқу бөліміне Қазақстан Республикасының 25 жасқа дейінгі және оқу жылының басына дейін 17 жасқа толған, орта және жалпы орта білімі бар, әскери қызметке денсаулығы жарамды, оқуға түсерде емтиханды (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика және математика пәндерінен) жетістікпен тапсырған және сайыстан мүдірмей өткен азаматтар қабылданады.

Академия іштей оқу мерзімі 4 жыл. Бұл шұғыл әскер қызметке теңеледі. Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы курстанттары республикалық, облыстық және қалалық спорттық, қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысады.

Іштей оқуға түскен азаматтар казарма тәртібі бойынша мемлекет есебінен тамақтанумен, шөкіртақымен қамтамасыз етіліп, жақсы жабдықталған жатақханада тұрады. Оқуды тәмамдаған соң, түлектерге мемлекеттік үлгідегі диплом беріліп, арнайы «Өртке қарсы қызмет» лейтенанты атағы беріледі. Түлектер әрі қарай ҚР ТЖМ органындарында және бөлімшелерінде қызметін жалғастыру үшін жолдама алады. Еліміздің тыныштығын қорғау – әр азаматтың міндеті.

Құрметті талапкерлер, еліміздің болашағы біздің қолымызда! Дұрыс таңдау жасаңыздар! Барлық сұрақтар бойынша: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Әуезов көшесі №13 ,ӘСБ,телефон: 3-91-00.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының ТЖБ
аға инженері а/қ аға лейтенанты

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 423 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 15 616 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,5 % құрайды.

423 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-330, Текели қаласы-17, Ақсу – 4, Алакөл – 8, Ескелді – 13, Көксу – 8, Кербұлақ - 4, Қаратал – 21, Панфилов – 15, Сарканский - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоныраулар пайдаланады, өткені WhatsApp қоныраулар бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7.Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Мерейхан СЕРІКЖАН ,
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу
облысы бойынша Қаратал және
Ақсу аудандары бойынша
ҚСжАЕА саласындағы
заңдылықты бақылау
жөніндегі аға прокуроры

БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫНАН ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ

Балалардың отпен ойнауынан туындаған өрттер-өкінішке орай сирек емес. Мұндай өрттердің соңы өте қайғылы-балалар өлімімен аяқталуы мүмкін. Кішкентай балалардың барлығы дерлік оттың қаупін толық түсінбестен, оған деген қызығушылық танытады. Үш-бес жастағы балалар өз ойындарында көбіне ересектерді қайталайды, олардың әрекеттеріне, жұмысына еліктейді. Бұл жаста балалар бәрін тезірек біліп,өздері жасап көргісі келеді. Балалардың өз бетінше жасауға ұмтылысы әсіресе олар үйде жалғыз қалған кезде айқын көрінеді.

Балалардың ойнынан туындайтын өртті болдырмас үшін не істеу керек:

- балаларға өрт қауіпсіздігі тәртібі туралы үйрету;
- өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға байланысты барлық жағдайларда үлгі болу;
- сіріңкелерді балаларға қол жетімді жерде қалдырмаңыз;
- балаларға пеш, газ плиталарын жағуға, электр құрылғыларын өз бетімен қосуға нұсқау бермеңіз;
- балалардың от жағпауын қадағалаңыз;
- үйден шыққан кезде кішкентай балаларды үлкендер қараусыз қалдырмаңыз;
- балаңыздың бос уақытын қызықты ұйымдастырыңыз.

Балаңызға өрт кезінде не істеу керек екенін үйретіңіз.

Егер өрт немесе жану белгісі (түтін, жоғары температура, жану иісі және т.б.) анықталса, кез-келген жастағы бала бөлмеден дереу кетуі керек.

Өрт туралы ересектерге немесе өрт сөндіру қызметіне «101» телефонымен хабарлаңыз.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданының
ТЖБ инженері
азаматтық қорғау
аға лейтенанты

ҚОЛЖЕТІМДІ - ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Жалпы әлемдік үрдіске сүйене отырып Қазақстан мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру бойынша саясатты жоспарлы түрде жүргізеді.

Бүгінгі таңда барлық қызметтердің 80% «электрондық үкімет» веб-порталынан алынатын электрондық форматқа ауыстырылды, соның арқасында мемлекеттік қызметтерді смартфондар, планшеттер, сондай-ақ дәстүрлі ұялы телефон арқылы электрондық түрде алуға болады. Бүгінгі таңда электрондық үкімет сыбайлас жемқорлыққа қарсы құралдардың бірі болып табылатындығы рас.

«Көкжазық ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-сі келесі мемлекеттік қызметтер түрін көрсетеді.

- «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою»,
- «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»,
- «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату»
- «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»
- «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»

Электрондық қызметтерді пайдалану үшін, ең алдымен электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі-ЭЦҚ) болуы қажет, оны Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚКО-ға) жүгініп немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышынан egov.kz порталынан немесе pki.gov.kz сайтынан алып, әрі-қарай флэш-карта, жеке куәлікке немесе сандық бұлтқа жүктеп сақтауға болады.

Сондай-ақ, әкімдік ғимаратында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді, онда кез келген уақытта сіз барлық қажетті қызметтерді (анықтамалардың барлық түрлерін) ала аласыз, біз сізге міндетті түрде кеңес береміз және қандай да бір қызметті алуда көмек көрсетеміз.

Сіздердің әрқайсыларыңыз Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл департаментіне телефон арқылы шағымдануға құқығыңыз бар. Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін, сондай-ақ оларды ұсыну сапасын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу үшін 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 байланыс телефондары.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
«Көкжазық ауылдық округі
әкімінің аппараты» ММ
бас маманы. (87283635182)

ПЕШКЕ ОТ ЖАҚҚАНДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

От жағатын мезгіл басталғалы бері қай тұсқа көз салсаңызда да мұржалардан түтін будақтайды, адамдар өз үйлерін, қызмет баспаналарын жылытуға кіріскен. От жағу мезгіліне жеткіліксіз әзірлік жүргізген, от жағылатын пештерді сапасыз жөндеуден өткізген, пештерге тиімді бақылау жасамаған, тұрғын үйлерде дәл осындай жағдай кездесіп, өрт шығып жүр. Өрт шықпасын десеңіздер өрт қауіпсіздігі ережесіне көңіл бөлген жөн. Пешке от жаққанда қараусыз қалдырмайық құрметті Ескелді ауданының тұрғындары.

Қ.ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы
ТЖБ аға инженері
а/қ аға лейтенанты

ЖЕЛІДЕГІ ДІН: ПАЙДАСЫ МЕН ЗАРДАБЫ

Ғаламтор мүмкіндіктерінің, оның ішінде бүгінде адамдар көп қолданатын әлеуметтік желілердің қоғам үшін пайдасы шаш-етектен. Ең бастысы, әрине, олар ақпаратты жедел алмасудың таптырмас құралы. Алайда адамзат өміріне құбылыс болып енген бұл жаңа технологиялар интернетте жалған уағызшылардың да өз қатарына адам тарту үшін қолданатын алаңына айналғаны бүгінде ешкімнен жасырын емес. Қазір әлемде 4,62 млрд әлеуметтік желі пайдаланушысы бар екен. Бұл жалпы әлем халқының 58,6 пайызы. Ал елімізде 12 миллиондай ел азаматы желіге тіркелген. Бұл халықтың 63,5 пайызын құрайды. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлер дәстүрлі медиамен қатар жаңа медианың да кейбір ресурстарын (сайт, портал) ақпарат айдынынан ығыстырып, негізгі жаңалықтар көзін алмастырды. Осыған орай елімізде көп адам дін туралы ақпаратты ғаламтордан іздейді. Өйткені мешітке барып дені дұрыс уағыз-насихат тыңдауға уақыт тапшы, ал кітапты көбі оқығысы келмейді.

Сондықтан ең жеңіл жолы – интернеттегі тегін дүниені пайдалану. Алайда ғаламторға салынған барлық діни ақпаратты дұрыс деп айта алмаймыз. Тіпті кейде дұрыс бағыттағы мақалалар мен видеолардан гөрі теріс жолға шақыратын контент көп пе деп ойлап қаласың. Өйткені әлемнің әр түкпіріндегі, соның ішінде еліміздегі деструктивті діни ағымдардың бәрі де түрлі жолын тауып, интернетке өз материалдарын толтырумен айналысып жатыр. Олардың алдап-арбауына түсіп қалмау үшін не істеу керек? Ең алдымен, әрине, әрбір адамда ең қажетті қарапайым діни сауат болуы тиіс. Өйткені діни сауаттылық – қазіргі заман талабы.

Белгілі дінтанушы Жалғас Сандыбаевтың айтуынша, жаһандану заманында адам дін туралы дұрыс ақпаратқа ие болуы тиіс. Ол адамның дінді ұстауы не ұстамауы өз еркі. Бірақ діни ақпаратты, дін туралы біраз мәліметтерді біліп жүргені жөн. Әсіресе, ата-ана баласының теріс пиғылды жат ағымдарға немесе діннің шапанын жамылған түрлі теріс діни ұйымдар мен секталардың ықпалына түсіп кетпеуі үшін діни сауат ауадай қажет. «Баланың қолынан гаджет түспейтін бұл күнде ғаламтор желісінде түрлі діни сарында үгіт-насихаттарды тыңдап, псевдошейхтер және өздерін дін деп танытып жүрген кейбір адасқан діни наным-дар мен сенімдердің арбауына түсіп кету қаупі жоғары. Діни сауатпен қаруланған ата-ана баласына кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсетеді. Бәлкім, адам «Мен дінді қаламаймын» деп айтып, діни сауаттан, ақпараттан бас тартып жүруі әбден мүмкін. Бірақ ол баласын немесе қызын діннен бас тартқызып отыра алмайды. Ерте ме, кеш пе баласы дінге, сенімге, нанымға қызығушылық танытуы ғажап емес. Себебі адамның табиғаты – бір нәрсеге сенуді қалайды. Міне, діни сауаттылық осы уақытта керек болады» дейді дінтанушы. Ғаламтордағы пиғылы жаман дінбұзарлардың арбауына еріп кетеу үшін адамға керекті тағы бір қасиет – сыни ойлау қабілеті. Яғни әрбір жан өзінің естіген, оқыған, көрген мәліметтерінің бәрін шаңсорғыш секілді қабылдай бермей, оның астарына үңіліп қарай білуі керек. Кейде бір қарағанда дұрыс болып көрінген ақпарат оның астарына үңілгенде ар жағынан шикі тұстары шығып жататынын білеміз. Сол секілді кез келген псевдоғалымның діни уағызы да алғашқыда адамды баурап алуы ғажап емес. Алайда кейін олар өзіне ұйыған жамағатына біртіндеп қазақтың діни дүниетанымымен үйлеспейтін өз тұжырымдарын тықпалай бастайды. Оны кейбір адамдар бірден байқап бас тартып жатса, өкінішке қарай, кейбіреулер дер кезінде аңғармай, жат ағымның жетегінен ұстап кете барады… «Жат діни идеологиялардың барлығы да алғашқы кезде адамға жылы күліп, гуманистік, ізгілік, адамгершілік ойларды көп айтып, сырт көзге жақсы көрінуге тырысады. Бұл бар болғаны азаматтардың басын айналдырып, өз қатарларына тарту үшін пайдаланатын бүркеніштi реңк екенін естен шығармаған жөн. Айласын асырып, көздеген адамын өз қатарына қосқан соң, оған «өзіміз» деп басқа идеология құя бастайды.

Оны қасындағы ағайын-туысынан, ата-анасынан, жора-жолдастарынан айырып, керек болса өмірлік жарынан ажыратып, өздерімен пікірлерес топқа, жамағатқа қосады» дейді мамандар. Әлхамдулиллә, 20 миллионбыз! 16.11.2023 Шымкентте «DINTELLECT» зияткерлік білім сайысы өтті 15.11.2023 Жат діни идеологияның құрығына түспеу үшін адамға ең қажетті амалдардың бірі – тек тексерілген діни сайттарды ғана қарау және елге танымал дін мамандарының ғана уағыз-насихатын тыңдау. Бұл талап көптен бері халыққа түсіндіріліп келеді. Алайда оны естен шығарып алып, көлденең көк аттылардың уағыздарын тыңдайтын адамдар арамызда әлі де аз емес. Осыдан 3 жыл бұрын елімізге белгілі Kazislam.kz сайты халық арасында «Сіз діни мәліметті қайдан аласыз?» деген тақырыпта сауалнама өткізген болатын. Сонда адамдардың үштен бірі «интернеттен аламын» деп жауап берген. Ал қазіргі күні бұл көрсеткіш одан да жоғары өскеніне күмән жоқ. Бұл адамдар қандай интернет ресурстарды пайдаланады? Миларына дұрыс ақпаратты тоқып жатыр ма? Бұл үлкен сұрақ. Осы орайда елімізде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына және оған қарасты мешіттерге тиесілі белгілі діни сайттар, Дін істері комитеті мен өңірлердегі дін істері басқармаларының сенімді сайттары жұмыс істейтінін еске салғымыз келеді. Діни уағыз-насихат тыңдағысы келген адамдар мешіттерде ресми жұмыс істейтін белгілі ұстаздардың насихатын тыңдағаны жөн. Интернетте, әлеуметтік желілерде отырғанда жат ағымның идеологиясына уланбас үшін қандай ережелерді білу керек?

Мамандар әлі де санасы жетіліп, дүниетанымы қалыптаспаған жасөспірімдер мен жастарға мынадай кеңестерін айтады: желіде өзінің жеке деректерін жазбау, парольдерін, телефон нөмірін, мекенжайын, туған күнін және басқа да мәліметтерін көрсетпеу; әлеуметтік желіге тіркелгенде кемінде 8 әріптен тұратын қиын пароль ойлап табу; оқитын жерін көрсетпеу, қаржылық жағдайы, мінез-құлық ерекшеліктері және туған-туыстары туралы айтпау, мұның бәрі желіде дереккөз ретінде жинала береді; өз болғында немесе әлеуметтік желіде бір нәрсе жариялау алдында жеті рет ойланып, бір рет кесу; біреулерді ренжітетін немесе мазақтайтын ақпараттарды жарияламау; дін туралы сөз таластырмау, дұрыс мәлімет алу үшін имамдарға және басқа да дін мамандарына жүгіну; белгісіз дін уағызшыларының дәрістері мен аудиожазбаларын өзінің жеке парақшасында мүлдем жариялама-му және оларды тыңдамау; егер өзі немесе туыстары деструктивті діни ұйымдардың әрекетінен зардап шексе, сенім телефондарына хабарлау; егер теріс ағым өкілімен байланыс орнатып алса, онымен сөйлесуден бас тарту, ортақ әңгімеге араласпау, күдікті контактіні блокқа жіберу, керек болса әлеуметтік желі әкімшісіне шағым түсіру керек. Жуырда

Мәдениет және ақпарат министрлігі елімізде теріс ағымдардың әлі де қарқын алып келе жатқанын және бұған халықтың діни сауатсыздығы себеп болып отырғанын айтқан еді. «Мәселе халықтың діндарлығында емес, діни сауатсыздығында. Әрине, бүгінде дәстүрлі ағымдармен қатар дәстүрлі емес діни ағымдардың белсенді жұмыс істеп жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан бұл бағытта министрлік үш бағыт бойынша жұмыс жүргізеді: тәулік бойы мониторинг, әсіресе әлеуметтік желілер мен интернет-басылымдарда деструктивті сипаттағы материалдарды анықтау. 1 қаңтар мен қыркүйек айының соңына дейінгі кезеңде интернетте үгіт-насихат, терроризм және діни экстремизм қағидаларын қамтитын 14 860 материал анықталды» деді ол. Бұл мәселе әрбірімізді ойландыруы тиіс және теріс ағыммен күресте тізе қосып еңбектенуімізді талап ететіні сөзсіз. Егер әрбір адам біз жоғарыда айтып өткен талаптарды орындаса, ол жат ағымдардың таралуына тосқауыл қойып, жастарымызды өзге идеологияның сойылын соғып кетуіден сақтар еді.

Ақмарал ОРАЗБАЙ,
Kazislam.kz

HABARLANDYRU

25.12.2023г. в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Сырымбет, ул.Кристалл 5А будут проводится общественные слушания по проекту «Промышленная разработка месторождения мраморизованного известняка «Сырымбет 3» расположенный в Ескельдинском районе области Жетісу».

Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Ак-Тас Береке», БИН 141140003632, адрес: область Жетісу, Ескельдинский район, с.Сырымбет, ул.Кристалл 5А. Тел.87718617950, aktas-bereke@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте ecoportal.kz.

Разработчик экологического проекта ИП «Курмангалиев Р.А.», ИИН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Предложения и замечания принимаются на сайте ecoportal.kz.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, г.Талдыкорган, ул.Кабанбай батыра, 26.

***

25.12.2023 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Сырымбет ауылы, Кристалл көшесі 5А мекенжайы бойынша «Жетісу облысы Ескелді ауданында орналасқан «Сырымбет 3» мәрмәрленген әктас кен орнын өнеркәсіптік игеру» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Ак-Тас Береке» ЖШС, БСН 141140003632, мекенжайы: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Сырымбет ауылы, Кристалл көшесі 5А. Тел.87718617950, aktas-bereke@mail.ru. Жоба материалдарымен ecoportal.kz сайтында танысуға болады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, ЖСН 830514301679, тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

Ұсыныстар мен ескертулер ecoportal.kz сайтында қабылданады.

«Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ 7su_expertiza@mail.ru. Тел. 8(7282) 32-92-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

***

Құрметті Алдабергенов ауылдық округінің тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, иновациалар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылдың 01 қазандағы №301/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіміне сәйкес,«Ескелді ауданы Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді: «Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату»; «Сауда- саттықты (конкурстарды аукциондарды)» өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу»; «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру»; «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру»; «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою».

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар. Алдабергенов ауылы, Ленин көшесі № 25, тел:8(7283628576), электронды пошта:
АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты

***

Уважаемые жители Алдабергеновского сельского округа!

Согласно реестра государственных услуг от 01 октября 2020 года №301/НҚ утвержденный приказом и о. министра цифрового развития, иноваций и аэро космической промышленности Республики Казахстан. Аппаратам акима Алдабергеновского селького округа оказываются следуюшие виды государственных услуг:

Постановка на очередь на получение земельного участка; «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку»; «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности не требующие проведения торгов (конкурсов, аукционов)»; «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»; «Выдача решения на изменения целевого назначения земельного участка»; «Постановка на очередь на получение земельного участка».

Дополнительную информацию можно получить: село Алдабергеново, ул. Ленина№25, тел:8(7283628576), электронный почта:
АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа

***

Алдабергенов ауылдық округі тұрғындарының назарына!

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесінде өзіне өзі қызмет көрсету бұрышында орналасқсн компьютерден, өзіңіздің электронды кілтіңізбен бір сәтте керекті анақтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшіліктің қызметкерлерінен немесе 1414 нөміріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.

«Электрондық үкімкет» «egov.kz» «Электрондық лицензия» «e.licenze» порталдарына кіріп электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу «электронды цифрлы қолтаңба» мекен жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару емханаға тіркелу әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жеке басында мүліктің тіркелуі тіркелмеуі соттылығы бар жоқтығы туралы және ден-саулығына қатысты анықтамалар мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, балаларға жәрдемақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнетақы жинақтары туралы және т.б анықтамаларды электронды жылдам және тегін алуға болады.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар. Алдабергенов ауылы, Ленин көшесі№25, тел:8(7283628576), электронды пошта:
АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

***

Алдабергенов ауылдық округі әкімінің аппарат

Вниманию жителей Алдабергеновского сельского округа Ескельдинского района!

В государственном учреждении Аппарата акима Алдабергеновского сельского округа» имеется «уголок самообслуживания» государственных услуг, где при помощи электронно цифрового ключа можете получить необходимые справки . При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можете получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414.

Дополнительно информацию можете узнать село Алдабергеново, ул. Ленина №25, тел:8(7283628576), электронный почта: АЛДАБЕРГЕНОВ АУЫЛЫ <tolegen.musapirov@mail.ru>

Аппарат акима Алдабергеновского сельского округа

Меншік иесі:
«ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор
Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1234 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ